



ЖАСТАР САЯСАТЫ



ЕЛІМІЗДЕ
ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАУ
КҮШЕЙІП КЕЛЕДІ

4

МӘСЕЛЕ



ҰЛТТЫҚ
ОЙЫНДАРДЫҢ
ЭЛЕКТРОНДЫ
НҮСҚАСЫ ҚАЖЕТ

7

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ҚАЛА ӘКІМІНІҢ КЕЛЕСІ КЕЗДЕСУІ

Алматы қаласының әкімі
Ерболат Досаевтың
Жетісу ауданының
тұрғындарымен кездесуі
2022 жылдың
10 қарашасында, сағат
9.00-де «Көкжиек»
шағынауданы, 63
мекенжайындағы №177
жалпы білім беретін
мектепте өтеді.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

8.11.2022

Түнде:



+3+5 °C

Бұлтты, жаңбыр,
кей уақытта қатты жаңбыр.

Күндіз:



+5+7 °C

Бұлтты, жаңбыр.



Желдің жылдамдығы:
3-8, екпіні 12 м/с

9.11.2022

Түнде:



-1+1 °C

Бұлтты, кей уақытта
жауын-шашын (жаңбыр, қар).
Жол бойында көктайғақ.

Күндіз:



+2+4 °C

Бұлтты, кей уақытта
жауын-шашын (жаңбыр, қар).



Желдің жылдамдығы:
3-8, екпіні 12 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №131-132 (6267) 8 қараша, сейсенбі, 2022 жыл.

ПРЕЗИДЕНТ

ӘЛЕУМЕТТІК ӘДІЛДІК НЕГІЗІ

Мемлекет басшысы бірқатар заңға жария түрде қол қойды



Президент биыл маусым айында өткен Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі республикалық референдумнан кейін қабылданған бірқатар маңызды заңға жария түрде қол қойды.

2

ӘКІМ

Қала әкімі ЕҚЫҰ өкілімен кездесті



Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев ЕҚЫҰ-ның демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюросының ҚР Президентінің кезектен тыс сайлауын бақылау жөніндегі халықаралық миссиясының басшысы Уршула Гацекпен кездесті.

3

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Маңғыстау облысының жұртшылығымен кездесті.
- Қазақстанға гуманитарлық көмек ретінде Америка вакцина береді.
- Алматыда қаржы пирамидасының салымшыларына 123 млн теңге қайтарылды.
- Түркиядағы «Қорқыт ата» кинофестивалінде қазақстандықтар үш жүлде алды.
- Елімізде адамның жас саналатын кезі 29-дан 35 жасқа дейін ұлғайтылуы мүмкін.
- «Астрахан-Маңғышлақ» су құбыры жаңартылады.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
+7 707 932 39 18 телефондары бойынша хабарласыңыз!



● ПРЕЗИДЕНТ

ӘЛЕУМЕТТІК ӘДІЛДІК НЕГІЗІ

Мемлекет басшысы бірқатар заңға жария түрде қол қойды



(Басы 1-бетте)

Қасым-Жомарт Токаев референдум нәтижесінде билік тармақтары арасындағы байланыстың жаңа үлгісін қалыптастыруға, мемлекет басқару ісіне азаматтардың қатысуына жол ашуға мүмкіндік туғанын және адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау жүйесі нығайғанын айтты.

– Конституциялық реформа Қазақстан тарихында жаңа дәуір басталғанын айқындады. Сондай-ақ, соңғы үш жылдағы саяси өзгерістерді орнықтырып, мемлекетімізді одан әрі нығайту үшін мықты негіз қалады. Бұдан былай әділеттілік, ашықтық және жанашырлық қағидаттары қатаң сақталады. Біз референдум арқылы бұрын-соңды болмаған сыртқы және ішкі сын-қатерлерге төтеп бере алатынымызды дәлелдедік. Конституциялық реформаны нақты жүзеге асыра бастадық, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, Парламент жан-жақты зерделеп қабылдаған әрбір заңнамалық бастаманың гуманистік және құқық қорғау бағыттары айқын.

Заңдағы өзгерістерге сәйкес, 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап Конституциялық

сот өз қызметін бастайды. Енді әрбір азамат өзінің конституциялық құқығы мен бостандықтарын тікелей осы органда қорғай алады.

Сондай-ақ, Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің мәртебесі, құзыреті мен дербестік кепілдігі Конституциялық заң деңгейінде алғаш рет бекітіліп отыр.

Бас прокуратураның да құқық қорғау функциясы күшейтілді. Бұл саланы одан әрі кешенді дамыту мемлекет үшін әрқашан басым бағыт болады.

Президенттің айтуынша, еліміздің басты байлығы – бұл біздің халқымыз және оның жайлы тұрмысы. Осы орайда, жақында Ата заңымызға енгізілген жаңа ережелердің айрықша мәні бар.

– Біз Конституциямызда жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі екенін нақты көрсеттік. Осы норманың арқасында «Ұлттық қор – балаларға» атты ауқымды бағдарламаны қолға алдық. Ұлттың ұлылығы әрбір отбасының, әрбір азаматтың әл-ауқатынан көрінеді. Сондықтан ел экономикасы, ең алдымен, халықтың мүддесі мен игілігі

үшін жұмыс істеуі қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Президент әділдік идеясы Қазақстанның мемлекеттік саясатының өзегі болуға тиіс екенін атап өтті.

– Әлеуметтік әділдіктің негізі – уақыт талабына сай келетін заңдар, сыбайлас жемқорлықпен жан-жақты күрес, азаматтардың еңбекқорлығы және жастардың озық білімге ұмтылысы. Мемлекет осы тұжырымды жүзеге асыру үшін барлық жағдайды жасауға тиіс, – деді Қасым-Жомарт Токаев.

Президент Парламент қабылдаған заңдарда Қазақстанның аралас сайлау жүйесіне өту тәртібі айқындалғанын атап өтті. Енді Мәжіліс пен облыстық мәслихат депутаттарының бір бөлігі, аудандық мәслихат депутаттарының барлығы бір мандатты округ бойынша сайланады. Соның нәтижесінде өкілді органдар шынайы халық билігі тармағына айналады.

Заңнамадағы өзгерістерге сәйкес, аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың әкімдері де сайланады. Бұл – ауыл әкімдерін сайлаудың логикалық жалғасы әрі мемлекеттік басқару жүйесін демокра-

тияландыруға ұмтылысымыздың нақты айғағы.

Президенттің пікірінше, Конституциялық реформа еліміздің мемлекеттік құрылымының тұғырын нығайтады. Сондай-ақ, азаматтық қоғамның дамуына жол ашады, жалпыұлттық диалогты орнықтырады. Түптеп келгенде, бұл қадамдар халықтың әл-ауқатын арттыруға және еліміздің болашағын баянды етуге ықпал етеді.

Заңға қол қою рәсіміне кіріспес бұрын Президент осындай аса маңызды заңдарды шұғыл әрі сапалы қабылдаған депутаттарға, жемісті жұмыс атқарған Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшелеріне, сондай-ақ заңнамалық актілерді әзірлеуге жан-жақты атсалысқан барлық азаматқа ризашылығын білдірді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Токаев конституциялық реформа нәтижесінде әзірленіп, қабылданған алты заңға жария түрде қол қойды.

ОЛАР:

1. «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы;
2. «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы;
3. «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы;
4. «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы Жолдауын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы;
5. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы Жолдауын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
6. «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

● ЗАҢНАМА

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ БІЛМЕЙТІНДЕРГЕ АЗАМАТТЫҚ БЕРІЛМЕУІ МҮМКІН

Заңнамаға мемлекеттік тілді білмейтіндерді азаматтыққа қабылдаудан бас тартуды көздейтін түзету әзірленді. Бұл туралы ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың Мәжіліс депутаттарының сауалына берген жауабында айтылған.

**Гүлжанат СЕМБАЕВА**

«Қазіргі уақытта «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заңға мемлекеттік тілді, тарих пен ұлттық заңнаманың негіздерін білмеуді азаматтыққа қабылдаудан және қалпына келтіруден бас тарту үшін қосымша негіз ретінде көздейтін, сондай-ақ қос азаматтығы фактілерінің алдын алуға бағытталған түзетулер әзірленді», – деп атап өтті Үкімет басшысы.

Премьер-Министрдің айтуынша, аталған заңнамалық тү-

зетулер Парламент депутаттары бастама жасаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны саласындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы бойынша Парламент депутаттарының түзетулеріне, Үкімет қорытындысының жобасына енгізілді.

Айта кететін жәйт, Мәжіліс депутаттарының сауалында қоныс аударушылардың қос азаматтығын тексеруге және құқықтық іс-шаралар қабылдауға қатысты мәселелер көтерілген болатын.





ӘКІМ



Қала әкімі ЕҚЫҰ өкілімен кездесті

(Басы 1-бетте)

Кездесуге сондай-ақ ұзақ мерзімді бақылаушылар – Франциядан келген Мольер Сильван мен Черногориядан келген Майя Бьелич қатысты.

Қала әкімі Ерболат Досаев ЕҚЫҰ тарапынан көрсетілген консультативтік қолдауға алғысын білдірді және Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауына дайындық барысы туралы хабардар етті.

Бүгінде Алматыда 600 сайлау учаскесі ұйымдастырылды, сайлаушылар тізімі қалыптастырылды, ақпараттандыру арналары іске қосылды, олар: бірыңғай нөмірі «1315» call-орталығы, әкімдіктің Open Almaty қоғамдық қабылдау сайтындағы сервис және Telegram Bot (@almaty_sailau2022_bot).

Өз кезегінде Ұршула Гацек миссияның жұмыс сапарлары туралы ақпаратпен бөлісті. Бүгінде бақылаушылар мемлекеттік органдардың, саяси партиялардың, азаматтық қоғам мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен кездесулер өткізуде. Сайлау күні миссия мүшелері сайлау учаскелерінің ашылуын, дауыс беруді, бюллетеньдерді санауды және қорытындыларды бақылайды.

ЕҚЫҰ өкілдерінің ақпараты бойынша, Қазақстандағы миссия негізгі командадан тұрады, оның құрамына Астанада орналасқан 11 халықаралық сарапшы және бүкіл ел бойынша 30 ұзақ мерзімді бақылаушы енген.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

САЙЛАУ-2022

Әкімдер сайлау арқылы тағайындалады

Елімізде саяси науқан өткізу процесін жетілдіруге бағытталған бірнеше өзгеріс енгізілді. Әкімдерді сайлау үш кезеңде өтеді.

2023 жылы әкімшілік-аумақтық бірліктердің – 25 пайызы, 2024 жылы – 25, ал 2025 жылы барлық аудан мен облыстық маңызы бар қала әкімдері сайлау арқылы тағайындалады. Әділет министрінің орынбасары Алма Мұқанованың айтуынша, заңға енгізілген өзгерістер келесі жылы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді. Айта кетейік, 20 қарашадағы кезектен тыс Президент сайлауы қазіргі заң бойынша өткізіледі.

«Сайлау процесін жетілдіруге бағытталған өзгерістер енгізілді – бұл әлеуметтік желілердегі үгіт-насихатқа рұқсат беру, аумақтық сайлау комиссияларын кәсіби негізге ауыстыру, сайлау қорларына ерікті қайырымдылықтардың шекті мөлшерін белгілеу және басқа да өзгерістер», – деді ҚР Әділет вице-министрі Алма Мұқанова.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



РАҚЫМШЫЛЫҚ



80-ге жуық күдікті босатылады

2 қарашада Қазақстан Президенті «Рақымшылық жасау туралы» Заңға қол қойды. Аталған Заң бойынша қаңтар оқиғасына қатысушылардың біразы ақталып, әртүрлі деңгейде қылмыс жасағандарға рақымшылық жасалмақ.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Жыл басында еліміздегі ең үлкен мегаполис – Алматы қаласындағы №72 мекемесіне (тергеу изоляторы) қаңтар оқиғасына қатысты 563 адам қамалған болатын. Бүгінде оның 65-і жазасын өтеу орындарына кетсе, 416 адам түрлі негіздер бойынша қамаудан босатылды. Қазір тергеу изоляторында қаңтар оқиғасына қатысты 82 адам ұсталуда. «Рақымшылық жасау туралы» Заңға байланысты осы күдіктілерге қатысты жұмыстар жүргізілуде. Олардың арасында мерзімінен бұрын шартты түрде босатылатындар мен жазасын жеңілдетуге жататындар бар. Ал керісінше 3 адамның жасаған қылмысы рақымшылық жасауға жатпайды.

«Рақымшылық жасау туралы» Заңын қолдану үшін барлық материал Алматы қаласының аумақтық сотына жіберілді. Аталған Заңда террорлық, экстремистік, сыбайлас жемқорлық қылмыстар, мемлекетке опасыздық жасау, азаптау, жаппай тәртіпсіздіктерді ұйымдастыру, кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылықтарына қарсы қылмыстар жасаған адамдарға рақымшылық жасалмайтыны көрсетілген.

ДЕНСАУЛЫҚ

Тұмаудан сақ болыңыз!



Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында Алматыдағы №36 қалалық емхананың жалпы тәжірибелік дәрігері Рауан Нүркенов тұмаудың алдын алудың тиімді әдісі вакцинация екендігін атап өтті.



Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Бүгінде қаламызда ЖРВИ және тұмаумен ауырғандар санының артқаны байқалады. Дәрігер мұны мегаполисте халықтың көптігімен және адамдар көп жиналатын орындардың көптігімен түсіндірді. Сондықтан вирустық аурулар өте тез таралады. Дәрігердің айтуынша, тұмау әлі де белгілі бір қауіп төндіреді.

«Тұмаумен ауырғандар көбейіп келеді. Тұмаудың негізгі штамдарына қарсы иммунитет бар. Бірақ тұмау штамдары жыл сайын мутацияға ұшырайды. Жыл сайын бізге тұмаудың жаңа штамдары келеді. Сондықтан тұмауға қарсы вакцина жыл сайын өзгертіліп отырады», – деді ол.

Р.Нүркеновтің айтуынша, вирустар әсіресе ауруы асқынған адамдар үшін қауіпті.

«Бізге келген науқастар арасында 15–20 пайыз шамасында жүкті әйелдер де бар. Жүкті әйелдер тұмаумен және ЖРВИ-мен ауырған кезде оларға профилактикалық және симптоматикалық ем көрсетіледі, соның арқасында олардың жағдайының жақсаруы байқалады. Егде жастағы адамдарда асқынулар жиі кездеседі, өйткені олардың созылмалы аурулары бар. Ал балалардың иммунитеті толық қалыптаспаған», – деді спикер.

Аурудың алдын алу үшін дәрігер иммунитетті көтеріп, адамдар көп баратын жерлерден сақ болу және денсаулықты күту керек деген кеңес берді.

ДИАЛОГ

Қоғамдық кеңестің қоғамдағы рөлі

Елдің мүддесін қорғап, халықтың мұң-мұқтажын құзырлы орындарға жеткізуде қоғамдық кеңестің рөлі зор.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Азаматтық қоғам өкілдерін қатыстыра отырып мемлекеттік шешімдерді қабылдау мақсатында құрылған аталмыш институт республика көлемінде 2016 жылдан бастап жұмыс істейді. Қоғамдық кеңес дегеніміз, бұл – ел ішіндегі түрлі саладағы мәселелерді талқылайтын алаң. Яғни халықтың мұң-мұқтажын тікелей билік өкілдеріне жеткізетін құрамында әр саланың өкілдері бар белсенді ұйым. Көпшілікке түсініктірек болу үшін мынадай бір мысал келтіре кетейік. Мәселен, қалада монополистер тарифті көтеруге шешім қабылдады делік. Бірақ бұл шешім бірден жүзеге аспайды. Себебі, оны бірінші қоғамдық кеңес мүшелері талқылауы тиіс. Олар жұртшылықтың пікірін ескере отырып қана шешім шығарады. Егер кеңес мүшелері құптаса, монополистерге тарифті көтеруге рұқсат беріледі. Сондай-ақ, белгілі бір проблема бойынша тұрғындар арыз жазып, қоғамдық кеңеске тапсырса, ол міндетті түрде кеңестің отырысында қаралады.

Алып шаһардың бұл бағыттағы жұмысы белсенді. Мәселен, құра-

мында әр саланың өкілдері бар Алматы қалалық қоғамдық кеңесі мүшелері түйінін шешкен мәселелер мегаполисте аз емес. Өйткені, олар Алматының тыныс-тіршілігімен етене таныс, халықтың тұрмысындағы ең түйткілді мәселелерден толықтай хабардар. Бүгінде кеңес мүшелерінің атсалысуымен денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау салалары, ауаның жоғары ластануы, көлік жолайықтары, агромерация, жерді игеру, қаланың бас жоспарына түзетулер енгізу және т.б. тақырыптарды камтитын көптеген мәселелер шешімін табуда.

«Келісіп пішкен тон келте бол-

мас» демекші, шаһар басшысы қаланың қоғамдық кеңес мүшелерімен Алматыны дамыту мәселелерін, сондай-ақ, әлеуметтік маңызы бар проблемаларды шешудің тиімділігін арттыру мақсатында өзара іс-қимылды үнемі талқылап отырады. Сондықтан кеңес мүшелерінің халық үнін, қоғам белсенділерін тыңдай отырып ортақ шешім шығаруының өзі, бұл қала халқының әл-ауқатының жақсаруына әсері зор. Қазір ашықтық пен әділдік салтанат құрған заман. Сондықтан көпшілік кез келген мәселені әлеуметтік желі арқылы жариялап, ойын бүкпесіз айтуға, талап-тілегін ашық білдіруге бейімделген.

Демек, Алматының қоғамдық кеңесі мемлекет пен халық арасында диалог орнату мақсатында құрылған. Ал бұл өз кезегінде мемлекеттік органдар жұмысының жүйелі, нәтижелі болуына септігін тигізеді.





ЖАСТАР САЯСАТЫ

ЕЛІМІЗДЕ ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАУ КҮШЕЙІП КЕЛЕДІ

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Біздің уақыт ғылым мен технологияның дәуірі. Кім мол білім жинайды һәм соны кәдеге жаратады, сол адамның бағы жанады. Міне, бұл толық дәлелденген қағида. СО-VID-19 пандемиясы «онлайн» терминінің маңызын арттыра түсті. Жұрт уақытын тиімді пайдаланудың жай-жапсарын ұғына бастады. Бір мезетте білім алып, шетелдік ғылыми-инновациялық, қаржылық, бизнес жобаларға қатыса алатынын түсінді. Виртуалды әлем арқылы байланысқа сұраныс артты. Соның нәтижесінде электронды сервистер дами түсті. Ең бастысы, замана қарқынына ілесіп алсаңыз болғаны. Қалған шаруа бір ізге түсетіні анық.

Әлемде геосаяси ахуал құбылып тұр. Алыс-беріс, барыс-келіс жайында түйткіл бар. Жаһандық экономикалық дағдарыс байқалады. Осындай алмағайып шақта, түтіні түзу ұшудың қамын ойласатын кез келді. Ол үшін жастар жағдайына көңіл бөлу керек-ті. Осыған орай қарақөздерімізге қайтпек керек, олар нендей іспен айналысқаны абзал, сондай-ақ болашақ жайындағы ой-пікірлерімізді ортаға салуды жөн көреміз.

ӘМБЕБАП БОЛУ –
ҚАЖЕТТІЛІК

Дана халқымыз «Отызында орда бұзбаған, қырқында камал алмайды» депті. Аталы сөздің астары тереңде жатыр. Оның өзектілігі бүгінгі күнмен үндесуде.

Ақын Ілияс Жансүгіров «Жас мұраты, білім, тәлім – талабы... Өнер, оқу – жастықтың қару-жарағы» дейді. ХХІ ғасыр арпалыс ғасыры дер едік. Себебі, бәрі жылдам. Тез қимылдамасаңыз, өзге біреу басып озады. Неғұрлым епті болсаңыз, соғұрлым ұтасыз. Бір сәтте білім алып, қоғамға араласып, көптің тілін табу ләзім. Әйтпесе, қалтарыста қаласыз. Айналаңызға сыйлы әрі сыйымды болуыңыз шарт. Көп іс атқарып, зейнетін көруге асыққан абзал. Өйткені, бүгінгі күн үлкен мүмкіншілік береді. Ал ертең оның өзектілігі болмауы ықтимал.

Әмбебап болудың артықшылықтарына

Президент: «ХХІ ғасырдағы Қазақстанды биік белестерге сіздер сияқты білімі озық, ойы ұшқыр жастар бастауы керек» деді. Яғни біз бен сізге зор үміт артылуда. Осы жолда бір үйдің баласындай, бір қолдың саласындай қызмет атқаруымыз қажет.



тоқталамыз. Ондай жандардың қоғам тіршілігінде сұранысы мықты.

Қазақта «Заманың түлкі болса, тазы боп шал» деген нақыл кездеседі. Ата-бабаларымыздың дана ойлары әліге дейін өзектілігін жоймады. Қазіргі таңда әмбебап болуды уақыттың өзі талап етуде. Осы пайымның жай-жапсарын тарқатып көрелік.

Ұтқырлық – адамзат тіршілігі қай кезеңде болса да қарбалас. Кейде жанталас. Тіпті, өз-өзіңізге көңіл бөлуге мұрша болмай қалатын сәттер де ұшырасады. Осындай өткелдерден аман-есен, өз болмысыңды сақтап өту – ұтқырлық. Әгәрәки, дұрыс жолдан, дұрыс бағыттан тайсаңыз, онда орға түсіп кетуіңіз бек мүмкін. Сол себепті, әр істе тиянақты, ұқыпты, дер кезінде қимылдайтын ұтқырлық қасиет ауадай қажет болып тұр.

Жылдамдық – мәселен, АҚШ, Еуропа елдерінде адамдар бір қаладан екіншісіне

қатынап жұмыс істеп, кешкісін үйіне оралатын көрінеді. Әрине, баршасы сөйте алмас, десе де оларға бұл қалыпты тірлік екен. Қанша дегенмен, олардың даму қарқыны ертерек бастау алды. Сондықтан бәлен деу қиын. Дегенмен, жылдам қимылдап, епті болу қашан да өзекті. Халқымыз «қолы қимылдағанның, аузы қимылдайды» деп бекер айтпаған болар.

Қагілездік – қазір не көп, ақпарат көп. Тіпті, көз сүрініп, ой шатасады. Негізі, кәделі іс қылып, берекелі шаруа атқарғанға не жетсін. Өзімізге қажеттіні алып, жақсыны үйреніп, нашарынан жиреніп, қагілездік танытқан абзал деп білеміз.

Бейімділік – кейде елдімекеннен алып шаһарға келіп, тіл үйреніп, қоғамға белсенді араласып жүргендерді көріп, көңіл маркады. Сөйтіп жүріп университетті тәмамдамастан тұрақты жұмыс табады. Көп ұзамай баспа-

налы болады. Жанұя құрып, белгілі бір мамандықтың маманына айналады. Кейбірі бірнеше істі қатар атқарады. Ешкімге қол жаймайды. Кез келген ортаға тез бейімделіп, өмірден өз жолын табады. Міне, мұндай жандар қай уақытта да сұранысқа ие.

РУХЫМЫЗ МЫҚТЫ
БОЛУЫ КЕРЕК

Болашақ білімді, қайратты, заманауи адамның қолында. Бұл – айқын. Осы қағидаға лайық болу үшін жастар өзімізді ұдайы қамшылап отыруымыз керек сияқты. Сонда ғана терең тарихтан жарқын болашаққа бет бұрарымыз анық.

ТҮЙІН:

Расында қоғамның қозғаушы күші – жастар. Жоғарыда бірқатар тұжырымдар келтірдік. Енді болашақты болжамдайық. Келешек ғаламтор, виртуалды әлем, технология шағы болмақ. Барлық нәрсе сандық форматқа көшеді. Фантастикалық фильмдердегідей, көліктер аспанда ұшып, роботтар адамға қызмет көрсететін заман да жақындағандай. Дәп сол кезде жаһандану процесінің түбегейлі жүзеге асуы көрініс табуы ғажап емес. Бірақ оған дейін қазақтың мәдениетін, руханиятын, әдебиетін, шежіресін сақтау керек. Ұлттық құндылығы, рухы мықты ел кез келген кедергіні еңсереді. Олай етпесек, жұтыламыз. Сондықтан бала тәрбиесінде өз рухани құндылығымыз бірінші орында тұруы шарт.

АНТИКОР

ҚОҒАМДЫҚ ДЕРТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ САНА

Сыбайлас жемқорлықпен күресудің тиімді тәсілдері қандай?

Әр мемлекетті, әр қоғамды тірі организммен салыстыруға болады. Себебі, кез келген қоғам біртіндеп қалыптасып, өсіп-өнеді. Сондай-ақ, тірі организм секілді әр қоғамның өзіндік дерті болады. Бүгінгі күні тек қазақ қоғамының емес, бар адамзаттың басты дерті – сыбайлас жемқорлық.

Досбол
АТАЖАН

Аурумен күресуге әрекет істемеген адамның одан жазылып шығуы қиын. Сол секілді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптастырмаған, тым болмағанда соны қалыптастыру жолдарын іздемеген мемлекеттің жемқорлықтан айығуы екіталай. Сондықтан Қазақстанның өсіп-өркендеуі үшін сыбайлас жемқорлық ұғымын әр азаматымыздың түсінуі, оның себеп-салдарын білуі және қоғам дертімен күресуге өзіндік үлесін қосуы өте маңызды. Мемлекет басшысы қырқүйек айындағы Жолдауында да бұл мәселеге аса мән берді: «Біз қоғамға іріткі салуды емес, елді ізгі мақсатқа жұмылдыруды ойлауымыз керек. Әділетті Қазақстан идеясының түпкі мәні – осы». Ендеше, сыбайлас жемқорлық сөзіне анықтама беріп, онымен күресудің тиімді тәсілдерін қарастырып көрейік.

Көпшілік сыбайлас жемқорлықты тек бір мәселені шешу үшін ақша беру деп түсінеді. Алайда, бұл теріс ұғымның функцияларына парақорлықпен қатар, мақсатты сыйақы беру, саналы әрекетсіздік, жеке мүдделер қалыптасуы, лауазымды асыра пайдалану және өзге де заңбұзушылықтар жатады. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық кез келген мекемеде, кез келген уақытта орын алуы мүмкін. Яғни жемқорлық қоғамның ең осал топтарынан мемлекеттің жалпы құрылымына дейін зиян тигізеді. Абай атамыз бұл туралы өзінің он бірінші қара сөзінде айтып өткен: «Ұлықтар пәлі-пәлі, бұл табылған ақыл деп, мен сені бүйтіп сүйеймін деп, ананы жеп, сені бүйтіп сүйеймін деп, мынаны жеп жүр. Қара халық менің сонша ұйым бар, сонша ауыл-аймағыммен сойыланды соғайын, дауынды айтайын деп, қай көп бергенге партиялас



боламын деп, құдайға жазып, жатпай-тұрмай салып жүріп басын, ауылын, қатын-баласын сатып жүр. Осы бір ұры, бұзақы жоғалса, жұртқа ой да түсер еді, шаруа да қылар еді».

Мұндай қанатын кеңге жайып, тамырын тереңге тастайтын қауіпті дертті жеңу үшін мемлекетте жалпы қоғамдық сана қалыптасуы қажет. Президенттің де, әкімнің де жемқорлықтай жалмауызды жалғыз жеңбесі анық. Ал әр адамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасуы үшін не істеу керек?

Алдымен, балабақшадан бастап, мектеп және ЖОО-да тәрбие сағаттарын өткізген жөн. Әрине, бұл сұрақ мемлекеттік деңгейде көтерілсе, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» атты міндетті сабақты оқу бағдарламасына енгізуге болады. Алайда, пилоттық жоба ретінде аптасына бір рет СЖҚ (сыбайлас жемқорлыққа қарсы) іс-қимыл агенттігімен бірлесе дайындалған дәріс міндетті түрде оқылуы тиіс. Сондай-ақ, балабақша мен бастауыш сыныптың балалары үшін арнайы қызықты кітапшалар әзірлеп, оларға түсінікті тілде жеткізуге болады. Бұл аталмыш қоғамдық дертпен күресудің алғашқы қадамы болары сөзсіз. Себебі, адам бойындағы тұлғалық қасиеттер мен «жақсы-жаман» туралы түсінік бала кезде қалыптасады. Швецияда балабақшадан бастап қоқысты қалай бөлу керектігі үйретіледі. Бұл сабақ

мектеп пен университет кезінде жалғасады. Соның арқасында скандинавиялық мемлекет қоқысты бөлу және өңдеуден бүгінде бірінші келеді. Айтылған мысалдан дұрыс түсінікті бала кезден қалыптастыру қаншалықты маңызды екенін түсінеміз.

Сондай-ақ, барлық ата-аналар үшін кешкі оқу сағаттарын ұйымдастыруға болады. Үлкен адамдар арасында да сыбайлас жемқорлықтың шынайы зиянын, парақорлық үшін тағайындалатын жазаны толық түсіне бермейтіндер көп. Мысалы, тек біреуге ақша беру емес, кей жағдайда әрекетсіз қалу да сыбайлас жемқорлық ретінде саналып, оған ҚР Қылмыстық кодексінің 371 және 370-баптары бойынша жаза тағайындалатынын көпшілік біле бермейді. Осы тұрғыда насихаттық-түсіндірмелік жұмыстар жүргізу өзінің оң әсерін береріне сенеміз.

Екіншіден, СЖҚ іс-қимыл агенттігін ашық болуға және БАҚ өкілдерімен тығыз байланыста жұмыс жүргізуге шақырамыз. Кеңес Одағы кезінде жолақы төлемеген адамдардың суретін қоғамдық көліктердегі арнайы бұрышқа жапсырып қоятын болған. Ал адамдар бұл бұрышта өзінің ғана емес, жақындарының да суреті тұруын ар-намыс санаған. Бұл тәжірибені қазіргі уақытта жаңартылған күйде қолдануға болады. Бүгінгінің байлығы үшін ел болашағын ұрлаған адамдардың тізімін арнайы сайтқа орналастырып, әлеуметтік желілерде көрсету керек. БАҚ арқылы жиі жарыққа шығару қажет. Сонда парақорлыққа барар алдында адам санасында психологиялық кедергі пайда болады. Сонымен қатар, БАҚ өкілдері арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрудың маңызы жөнінде жиі насихаттаған жөн. Осы саладағы телебағдарламалардың, ағартушылық мақала-мәтіндердің көбеюі адам санасында жемқорлыққа қарсы қорғаныс механизмдерін қалыптастырады.

Осы орайда, СЖҚ іс-қимыл агенттігінің барынша ашық әрі көпшілік үшін қолжетімді болуы маңызды екенін айта кеткен жөн. Мемлекет басшысы бүгінде «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын алға тартып отыр. Осы идеяны негізге ала отырып, СЖҚ өңірлік мекемелері ашық есік күнін жиі өткізуі, оқу орындары және БАҚ өкілдерімен байланыс орнатуы, өз жұмыстарының жемісінен жиі хабар беруі және көмек сұраған азаматпен тез кері байланыс орнатуы керек. Қазір айтылған істер мүлдем жоқ не орындалмайды деуден аулақпыз. Алайда, істеліп жатқан жұмыстар бұрынғыдан да дами түссе дейміз.



САЙЛАУ-2022

ЖАҢА ЛЕП, ТЫҢ СЕРПІН

Елдің келешегі үшін әрбір қазақстандыққа үлкен жауапкершілік жүктеледі

Елімізде 20 қарашада кезектен тыс Президент сайлауы өтеді. Кезектен тыс Президент сайлауы қалай өтеді? Биылғы сайлаудың ерекшелігі неде? Жылдың басты саяси науқанына қатысты өзекті сұрақтарға «Әділ сайлау үшін» қозғалысы Алматы қалалық штабының басшысы Бауыржан Есенгелдіұлы жауап берді.



– Президенттік сайлауға кім қатыса алады?

– «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 55-бабына сәйкес президенттікке кандидаттар ұсыну құқығы белгіленген тәртіппен тіркелген республикалық қоғамдық бірлестіктерге тиесілі. Бұл ретте қоғамдық бірлестік Президенттікке бір ғана кандидат ұсынуға құқылы. Кандидат өзін ұсынған РҚБ-де мүше болмауға құқылы.

Қазақстан Президенті лауазымына кандидаттар «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 33-бабында, 4 және 54-баптарында айқындалған мынадай талаптарды қанағаттандыруға тиіс: әрекетке қабілетті болуы, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында ұсталмауы; туған жері бойынша Қазақстан азаматы болуы; 40 жастан кіші емес; мемлекеттік тілді еркін меңгеруі; Қазақстанда соңғы 15 жыл тұруы; жоғары білімі болуы тиіс; өтелмеген немесе алынбаған соттылығы болмауы тиіс; сыбайлас жемқорлық қылмыстар және құқық бұзушылықтар бойынша сотталған болмауы; мемлекеттік қызметте немесе сайланбалы мемлекеттік лауазымдарда кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы керек.

– Кім Қазақстан Республикасының Президенті бола алады?

– Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 65-бабының 2-тармағына сәйкес: дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың 50 пайызынан астам дауысын алған; қайта дауыс беру кезінде басқа кандидатпен салыстырғанда дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының көп санын алған адам қатыса алмайды.

– Азаматтар қалай бақылаушы бола алады?

– «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 20-1-бабына сәйкес бақылаушы болу үшін 18 жастан асқан Қазақстан Республикасының азаматы Қазақстан Республикасының саяси партияларынан, өзге де қоғамдық бірлестіктерінен, коммерциялық емес ұйымдарынан бақылаушының Тегі, Аты, Әкесінің аты көрсетіле отырып, жазбаша нысанда куәландырылған өкілеттігі болуға тиіс. Бұл құжат бақылаушыны жіберген ұйымның мөрімен расталады және бақылаушы жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жарамды болады. Құжаттар сайлау комиссиясының төрағасына не оны алмастыратын адамға бақылаушыны тіркеу үшін ол туралы деректерді есепке алу журналына енгізу арқылы ұсынылады.

– Алдағы кезектен тыс президенттік сайлаудың бақылаушысы болу үшін аккредитациядан өту керек пе?

– Қоғамдық ұйымдар мен үкіметтік емес ұйымдардан бақылаушыларды міндетті түрде аккредиттеуге қатысты заңнамаға түзетулер қазір Парламент Мәжілісінің қарауында жатыр. Заң жобасында міндетті аккредиттеуге қатысты нормалар ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік 60 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі деп көзделген.

– Келесі Президент қанша жылға сайланады?

– 17 қыркүйекте Мемлекет басшысы Президенттіктің мерзімдері мен түзетулер енгізілген «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына қол қойды. Конституцияның 41-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Президентін конституциялық заңға сәйкес Республиканың кәмететке толған азаматтары жалпыға бірдей, тең және тікелей сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы 7 жыл мерзімге сайлайды. Демек, 20 қарашадағы жалпыхалықтық дауыс беру қорытындысы бойынша жеңіске жеткен кандидат Қазақстанның келесі президенті болып 7 жыл мерзімге сайланады.

– Сайлау алдындағы үгіт қашан басталады және ол қандай мерзімде өткізіледі?

– 22 қыркүйекте Президенттің кезектен тыс сайлауын ұйымдастыру және өткізу мәселелері жөніндегі кеңейтілген отырыста Орталық сай-

лау комиссиясы сайлау науқаны кезеңдерінің ұзақтығын таныстырды. Орталық сайлау комиссиясының а.ж. 22 қыркүйекте № 65/538 қаулысымен бекітілген кестеге сәйкес, сайлау алдындағы үгіт 2022 жылғы 21 қазанда сағат 18.00-де басталып, 2022 жылғы 19 қарашада сағат 00.00-ге дейін 28 күнге созылады.

Айта кететін жәйт, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 32-бабына сәйкес сайлау алдындағы үгіт кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған соң басталып, сайлау болатын күннің алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады.

Үнсіздік күні – 19 қараша. Сайлау туралы заңның 32-бабының 1-тармағына сәйкес сайлау күні және оның қарсаңындағы күні кез келген сайлау алдындағы үгітке тыйым салынады.

– Президент сайлауының қорытындысы қашан шығарылады?

– Орталық сайлау комиссиясы аумақтық сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде сайлаудан кейін 7 күн мерзімнен кешіктірмей Президент сайлауының қорытындыларын белгілейді және тиісті қаулы қабылдайды.

– Кезектен тыс сайлаудың қорытындысы бойынша сайланған Президенттің өкілеттік мерзімі қай сәттен бастап есептеледі?

– Қазақстан Республикасының Президенті: «Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын қатаң сақтауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруге, Қазақстан Республикасы Президентінің өзіме жүктелген міндеттері мен міндетін адал атқаруға салтанатты түрде ант етемін», – деп халыққа ант берген сәттен бастап қызметіне кіріседі.

– Сұхбатыңызға көп рахмет! Сұхбаттасқан Гүлжанат СЕМБАЕВА.

ЖОЛДАУ-2022

Қарлығаш ШӘКЕНОВА,
«Ақсұңқар» балалар оқу орталығының директоры:

Тұрақты даму кепілі



Мемлекет басшысының Қазақстан Республикасы Палаталарының біріккен отырысында Қазақстан халқына арнаған «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында жаңа әділетті қоғам құруға бет бұрған, қазақстандықтардың көңілінде, жүрегінде жүрген ең өзекті сауалдарына нақты жауабын бере отырып, тиісті құрылымдарға мерзімдері көрсетілген нақты тапсырмалар берді.

Президент елдің экономикасын, әлеуметтік салаларын дамыту, денсаулық сақтау, білім беру мекемелерін материалдық-техникалық әлеуметтік нығайту, заманауи жабдықтармен жабдықталған ауруханалар, мектептер салу, оларды білікті мамандармен қамтамасыз ету, сәбилер мен оқушыларға жағдай жасау, кәсіпкерлікті қолдау, жаңа жұмыс орындарын ашу, ең төменгі айлық жалақының мөлшерін 60 мың теңгеден 70 мың теңгеге дейін көтеру, ұлттық қордың инвестициялық табысынан түскен қаражаттың 50 пайызын 18 жасқа дейінгі балалардың есебіне аудару, су ресурстарының жетіспеушілігі, жол жөндеу, ауылдағы медицинаны дамыту, игерілмеген жерлерді қайтару, 100 мың азаматты жұмысқа орналастыру, жас кәсіпкерлерге жеңілдікпен несие беру, студенттер жатақханасының мәселесін шешу туралы ой-пікірлер мен ұсыныстарын айтты. Қантар оқиғасына қатысқанына, өздерінің заң бұзғандарына өкініп жүргендерге бір реттік рақымшылық жасау туралы шешім қабылдағанын жария етті, сонымен қатар кейбір қылмыс түрлерімен белсенді күрес жүргізуге шақырды.

Мемлекет басшысы кезектен тыс Президент сайлауын өткізуді ұсынды. Осының бәрі бастау алған саяси өзгерістердің жалғасы, яғни бұл Президенттің сөзі мен ісі бір жерден шығатынының айқын дәлелі.

Жолдауда айтылған бастамалар мен жүктелген тапсырмалар елдің тұрақты дамуына кепіл болмақ.

САЙЛАУ-2022



Кензехан МАТЫЖАНОВ,
филология ғылымының докторы:

Сайлау – демократиялық өміріміздің көрінісі

20 қараша еліміз үшін сын кезең болып тұрғанын бәріміз де білеміз. Президент сайлауы деген еліміздің тағдыры үшін, келешегіміздің бағыт-бағдары үшін маңызды оқиға екенін түсінуіміз керек. Сайлау – демократиялық өміріміздің көрінісі. Отаным, елім деп өз болашағына алаңдайтын азамат дәл осы күні келіп, өзінің даусын беруі керек.

Дулыға АҚМОЛДА,
актер,
ҚР еңбек сіңірген қайраткері:



Ешкім тыс қалмауы керек

Меніңше, елімізде көптеген өзгеріс болып жатыр. Сондықтан қай салада болсын кәсіби көзқарас керек. Сонда біз Жаңа Қазақстанға қол жеткіземіз деп ойлаймын. Алдағы сайлау әр қазақстандық үшін жауапкершілігі мол науқан. Сондықтан әркім өз таңдауын жасап, дауыс беруі тиіс. Ешкім тыс қалмауы керек.



Әсет ИМАНҒАЛИЕВ,
актер, «Серпер» жастар сыйлығының иегері:

Өз таңдауымызды жасайтын сәт

Жақында елімізде айтулы үлкен іс-шара өткелі тұр. Ол – Президент сайлауы. Бұл іс-шараға қазақстандықтарды түгел қатысуға шақырамын. Өйткені, бұл әр азаматтың өзіндік азаматтық борышы деп есептеймін. Өз көзімізбен көріп, қолымызбен ұстап, өз таңдауымызды жасайтын сәт келді. Сондықтан отандастарымызды осындай іс-шарадан тыс қалмай, белсене атсалысуға шақырамын.

Әзірлеген Досбол АТАЖАН.

20 қараша 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫНДА ДАУЫС БЕРУ ТӘРТІБІ

Сайлау учаскесінде осы учаскенің тізіміне енгізілген азаматтар, сондай-ақ есептен шығару куәліктерін ұсынған адамдар дауыс бере алады

Сайлау бюллетені жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде де беріледі

Әр сайлаушы жеке өзі дауыс береді

Азамат сайлау бюллетенін дауыс беруге арналған кабинада толтырады

Өзі дауыс беретін кандидат тегінің оң жағындағы бос шаршының ішіне белгі қояды немесе «Бәріне қарсымын» жолындағы шаршыға

Бюллетеньдерді өз бетінше толтыруға мүмкіндігі жоқ сайлаушы өзі сенетін адамның көмегін пайдалануға хақылы

Толтырылған бюллетень сайлаушы дауыс беруге арналған жәшікке салады

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы



ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

ЕСЕР ӘНДЕР ЕСТЕ ҚАЛМАЙДЫ

Кім қандай ән тыңдап жүр?

Қазақта «әу демейтін адам жоқ» деп, кез келген кісіге ән айтуға қолқа салып жатады. Әнді бала да, үлкендер де шырқай жөнелетіні рас. Өйткені, халқымыздың өмірінде ән мен жыр, жалпы музыка ерекше орынға ие. Бесікте анасының әлдиін естіп өсетін халықтың ән-күйге деген махаббаты ерекше. Қазаққа тән тағы бір ерекше қасиет, кез келген ұлттың әнін құйқылжытып орындай береді. Мұның екінші жағы да бар. Өзгелерге еліктеушілігіміздің, асыра қызығушылығымыздың кері әсерін де көріп жүрміз. Бұл – бір. Екіншіден, кейінгі жылдары өзіміздің есті әндеріміздің орнын есер әндердің басып бара жатқаны алаңдатады.



Айнұр
СЕНБАЕВА

Көлікте келе жатып, радионы қоса қалсаң, не айтып жатқаны белгісіз, сөзі түсініксіз әндер беріліп жатады. Не ұйқасы, не мағынасы жоқ, ән деп айтуға да келмейтін әуендер әлеуметтік желілерді де жаулап алған.

Ақ пакет, көк пакет...

Осыдан біраз уақыт бұрын Қанай деген әнші орындап жүрген «Ол қыз» деген әндегі «Кетті, лақты, ол тыңдамайды, Бидің үстіне би сұрайды» деген жолдарын бертін келгенше түсіне алмай жүрдім. «Екі лақ» дей ме, жоқ әлде шетелше бірдеңе айтып тұр ма деп, қайта-қайта тыңдаймын. Енді мына сөздеріне қараңыз:

Туу деген сөзі ууу
Ішіп алып қууу
Енді сол баланы тууу

Әкесі білсе оны құлағынан бұрайды,
Шешесі біліп қалып, қанышқы деп сабалайды.
Кетемін үйден сендер түсінбейсіңдер мені
Деп өзінікін қуып, шәйіп, ол айқайлайды.

Осы сөздерден кім не түсінді? Сөздерінің ерсілігін айтпағанда, орындаушылардың тілдерін бұрап, әдейі түсініксіз етіп айтатыны құлаққа түрпідей тиеді екен. Байқағаным, қазіргі кезде жұртқа жаппай танылып жүрген жас әншілердің көбі әннің сөзін анық айтпайды, тек әуеніне акцент жасайды. Бірғағы тартымды болса, әлеуметтік желіге жылдам тарап, «хит» болып кетеді. Сөйтіп, «Ақ көйлек киген, көк көйлек киген құрбыларым да бар, Ақ пакет пенен көк пакетпенен сарқыттарым да бар» деп ұйқас қуалап, келсін-келмесін әнде те бересің.

Өткенде аулада ойнап жүрген бір топ бала: «Четкий менің братым, Әр сөзімді ұғатын, Любой жерде до конца, Родной үшін тұратын» деп шырқап жүр. Сөйтсем, бұл әнді Арнұр Шәкеров деген әнші айтады екен, телеарналардан да беріліп жүр. Айтпақшы, әншінің «Четкий қыз» деген де әні бар. Осы әндерді естігенде, «Шымкенттің салқын сырасы» әжептәуір ән екен ғой деп қаласың...

Тағы да бірдене дедің...

«Ұйқым келмейді, сонда да ұйықтап кетемін» деп биыл тағы жұртты шулатқан әннің авторы Рамазан Аман-

тай таяуда Республика сарайына дүйім жұртты жиып, шығармашылық кешін өткізген болатын. Бірнеше киноға түсіп, көпшілікке актерлік қырынан танылған Рамазанның ақындығы да бар екенін естуіміз бар еді. Сөйтсек, ол 400-ге жуық әнге сөз жазған, нағыз «хит» әндердің авторы екен. Тойларда шырқалатын «Аяғөз, қайда барасың?», «Проблема жок», «Тәтті махаббатым» деген әндердің мәтінін де, тіпті кейбірінің әуенін де Рамазан жазған. Төреғали Төреәлі, Қуандық Рақым, Әділет Жауғашар секілді эстрада әншілері орындап жүрген «хит» әндер де Рамазанға тиесілі.

«Атың шықпаса, жер өрте» демекші, Рамазан шығармашылық кешінің алдында бір «хайп» жасайын деді ме, «Ұйқым келмейді» әнін шығарып, танымалдығын арттыра түсті. Әнді Ресейдің қазағы Алина Шакееваның акцентпен орындауы әннің «бағын жандыра түсті». Елдің талқысына түскен әннің мәтінін оқып көріңізші...

Қош бол деп айттың,
Тағы да бірдеңе дедің.
Сен менен кеттің,
Кетсең де, күнде көремін.
Ойлаймын, көкпен
сүйікті жұлдызым ағып...
Әлемді мынау
Бөлмеге кіргізіп алып.
Ұйқым келмейді,
Махаббат маза бермейді.
Ұйқым келмейді,
Өткеннің иамы сөнбейді.
Ұйқым келмейді
мен сені көрген кезде.
Сені көрмесем,
тағы да ұйқым келмейді.
Көрінбей кеттің,
естілмей бір сәт дауысың.
Қайдасың, қайда?
Жерде ме, ұшақтамысың?
Ұйқым келмейді,
...сонда соң* ұйықтап кетемін –
Түсімде сені соңғы рет құшақтау үшін...

Бұл әнді біреулер сынап жатса, біреулер тәп-тәуір ән деп бағалап жатыр. Елімізде белгілі акын, режиссер, АҚШ-тың Өнер академиясын тәмамдаған маман Мұрат Есжан қоғам талқысына түскен атышулы әнге тәп-тәуір ән деп баға беріпті. «Жай жап-жақсы емес, мәтіні осы күнгі көп әннің сөзіне қарағанда көш ілгері көрінді. Мыс-

қылым емес, шын айтып отырмын. Бұл тоқтамға аталмыш әнді толық тыңдап шыққан соң келдім», – дейді ол.

«Бірдеңе дедің дегенге тиісіп жатырмыз ғой. Негізі ол тармақтың логикасы дұп-дұрыс. Неге десеңіз, «қош бол» дегенді естігеннен кейін лирикалық кейіпкер басқа сөзді қабылдай алмай есеңгіреп қалған болуы мүмкін ғой. Бірдеңе деп жатқанын ғана біледі. Нақты не дегенін білмейді. Оның үстіне «күнде көремінмен» әдемі ұйқасып тұр», – деп түсіндіреді өнер маманы.

Осыдан соң хитке айналған тұсын сөз етеді.

«Мәтіннің күлкіге ілінген тағы бір тұсы – «ұйқым келмейді, сонда соң ұйықтап кетемін» деген жолдар. Әрине, контекстен жулып алсаң, өз-өзіне қайшы кеп тұрған топас текст секілді көрінері анық. Ал тұтас қарасаңыз, «сені тым болмағанда түсімде құшақтау үшін ұйқым келмесе де, ұйықтап кетемін» деген әдемі антитеза шығып тұр. Мүмкін, «сонда соң» дегенді «сонда да» деп алмастырып: «Ұйқым келмейді, ...сонда да ұйықтап кетемін – Түсімде сені соңғы рет құшақтау үшін...» десе тіпті де ұғынықтырақ болар ма еді», – дейді ол.

«Ал енді қайырмада «сені көрсем ұйқым келмейді, ал көрмей қалсам, тіпті де ұйқым келмейді» деген әдемі ой жатыр. Оны да: Ұйқым келмейді мен сені көрген кезде. Бірақ көрмесем, тіпті де ұйқым келмейді, – деп ұғынықтырақ келтіргенде қайтер еді... деп ойланып қалдық», – деп кеңес береді акын.

Әннің авторы Рамазан Амантай бұл әннің соншалықты талқыға түсетінін күтпеген көрінеді. Ал әннің орындаушысы Алина Шакеева «Ұйқым келмейді» әнін орындаймын деп бір күнде ұйқысынан «жұлдыз» болып оянды. «Халық талқылап жатқанына қарағанда, көпшіліктің көңілінен шыққан сияқты», – деп пікір білдірді әнші.

Жұрт жаппай есер әнді ғана тыңдап жүр деп те айтуға болмайды. Ғұмыры қысқа, бір рет хит болып ұмытылып кететін әндердің қаптағаны шындық. Дегенмен, өлмейтін, ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса беретін, жылдар өткен сайын құндылығы жоғарылай беретін әндердің де өз тыңдаушысы бар. Сөзі мен әні төгіліп, «құлақтан кіріп бойды алатын» әндер мәңгі жасайды. Жақында бір тойда халық әндері мен ретро әндерге билеп, есті әуендерді естіп, риза болдық. Жақсы ән тыңдағысы келетін адам сүйікті әншілерінің концерттерінен қалмайды. Адамның әнге деген талғамы оның бар болмысын көрсетсе керек.

ТҮЙІН:

Көзіқарақты тыңдарман, әннің алдымен сөзіне мән береді. Сөзі түзу болмаса, тыңдамайды. Бұл енді талғамға байланысты. Бірақ өкінішке қарай, талғамы қалыптаса қоймаған жас буын тілі шұбар, анайы сөздерге тұнған әнсымақтарды тыңдап өсіп келеді. Бір әнді қайта-қайта тыңдай берсең, сөздері еріксіз тіліңе үйіріле береді емес пе? Бүгінгі өскелең ұрпақ есер әндерді тыңдап, соларды қосылып айтып жүр. Әуелі өзіміз титтей балаларды «ақ пакет, көк пакетке билеші» деп мәз боламыз. Ал тойларда кешегі «Чип-чип» пен «Қызыл өріктің» орнын «Жылтыр көйлек», «Шудың бойында», «Қызыл раушан» басты. Әзірге тыңдарманның да, орындаушының да деңгейі осы болып тұр.



ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ ЭЛЕКТРОНДЫ НҰСҚАСЫ ҚАЖЕТ

Бұл жаһандану заманында жұтылудан сақтанудың да бірден-бір жолы

Бүгінде жаһанда тез қарқын алған дүние бар. Ол – ғаламтор. Соның ішінде электронды ойындардың жөні бөлек. Жаксы ма, әлде жаман ба? Өзіміз де білмей далмыз.



Қазір әрбір ата-ана баласын смартфоннан алшақтатуды ойлайтын болды. Мейлінше аулаға шығып, өзге бабалармен ойнағанын қалайды. Алайда, бұл жүзеге асар емес. Оның бірнеше себебі бар. Көбіне әке-шешесінің балаға көңіл бөлуге уақыты аз. Әсіресе, қалада бәрі қарбалас. Уақыт санаулы. Баратын жерді нақтылау керек. Өйтпесе, құр босқа уақыт жіберген боласыз. Сөйтіп жүріп, кешке үйге жетеді. Әбден шаршап-шалдыкқан кісі өзгемен арпалысуға әлі болмайды. Ал бала болса ойнап, секіріп, көңіл бөлгенді қалайды. Олай істей беру әркімге оңай еместігін байқаймыз. Десе де, бала деген болашағымыз. Демек, арасында уақыт тауып болашақтың ісімен айналысып қойған да абзал. Сонда бала телефоннан бас көтеріп, ата-анасына жақын болады деп сенеміз.

Ойнай білу де өнер

Неміс философы Артур Шопенгауэр «Парасаттылар өз өмірінен ләззат алады, бос уақыттың дұрыс игереді. Ақымақтар бос қалуға төзбейді. Бос уақыт оларды зеріктіреді. Сондықтан олар пайдасыз ойынмен көңіл аулап, уақыттық рахатқа салынады» депті. Ойды әртараптан тарқаталық.

Қазіргі таңда жас та, көрі де барлығы смартфоннан әртүрлі ойын ойнауға құмар. Бірісі уақыт өткізуді көзден, екіншісі осының соңына түскен. Арысы құмар ойын ойнауға дейін кетіп қалған. Түбі қайырлы іс емес. Бұрынғылар «Өр нәрсенің өз жөні бар» дейтін. Тегі рас сөз.

Ғаламтордың пайдасы бар. Оны жоққа шығармаймыз. Бала интернеттің қыр-сырын үйренеді. Электроника, компьютер тілін, IT игерген дұрыс. Болашақ тікелей тораптың торында болғалы тұр. Осы аралықта қазақтың ұлттық ойындары: асық, тоғызқұмалақ, ат спорт ойындары, интеллектуалды ойындарымыздың электрондық нұсқасын жасауымыз қажет. Ендігі жерде ұлттық жәдігерлерімізді осылай сақтай аламыз. Бұл жаһандану заманында жұтылудан сақтанудың бірден-бір жолы саналады. Бірте-бірте ұлттық құндылықтарымызды ғаламтор көмегімен танытып, жарнамалай алсақ, асығымыздың алшы түскені сол болмақ. Осы шаруаға жаңа технологияға жақын азаматтар бүгіннен кірісіп, тындырымды тірлік жасаса деген ниеттеміз. Бәлкім, ұлттық ойындардың электронды құрылымын жасап, оны айналымға енгізіп те жатқан болар. Міне, сондай жандарды да ауқатты кәсіп иелері қаржылай қолдап, ұлттық өнімнің бәсі жоғары болуы үшін атсалысса біріміз үшін зор бақыт болмақ.

Біз қалай да өз ұлтымыздың рухани, мәдени жауһарларын көздің қарашығындай сақтауымыз қажет. Бұл идея күн тәртібінен түспеуі керек. Сонда ғана келешек ұрпақтың алдында маңдайымыз жарқын болары анық.

Смартфоннан ойын ойнау

Бүгінгінің баласы зерек. Тіпті, өзімізден ақылдырақ сияқты. Біз білмейтінді біледі. Үйретуден гөрі, көп жағдайда ұл-



тын ұялы телефонның маңында жоғалтпаса екен дейсіз. Әрбірден, көзге, миға зиян екенін болдырған бүлдіршіндерден байқаймыз. Ойымыз, қызықты кішкене экраннан емес, сырттан іздесе дейміз. Өз қатарластарымен аралас-құралас өскендер, ертеңгі күні көпшілікті жатырқамайды. Қайта жұртқа жақын болады. Көппен араласып ойнаған баланың бойында төмендегідей қасиеттер мен қағидалар пайда болады.

- Дәлірек;
- Алғырлық;
- Ептілік;
- Ізденімпаздық;
- Пысықтық.
- Талпынушылық.

Бұл жіктеулердің өз сыры бар. Өйткені, қазіргі қоғамға осындай қасиеттерге ие тұлғаны қалыптастыру керек болып тұр. Кенірек тарқатып көрелік.

Алғырлық – бұл әрбір баланың бойына беріле бермейтін ұлы қасиет. Дегенмен, талпынса, әркім мұратқа жетері анық. Сондықтан смартфон ойнаса да, алғырлыққа бейім болғаны абзал. Мұндай мінез уақыттың лебімен келер.

Ептілік – Тек үйге қамалып, телефонға телміре берген жақсылыққа алып келмейді. Иә, оны да үйренсін. Бірақ өз құрдастарымен, бір сәт ойнап-күліп, асыр салып тай-құлындай тебісіп өскенге не жетсін?! Өйткені, әр бала қалыптасушы тұлға. Ол физикалық тұрғыдан да өсіп-жетілуі керек. Осы жағын да ойлаған абзал. Сонда кез келген іске епті болып өседі. Өзін қорғай алатын мықты болып өседі. Спортқа бейімі артады. Бұл ең басты – керекті нәрсе.

Ізденімпаздық – Далаға бір мезгіл шығып, ойнаса өзіне жақсы. Біздің балалар сыртқа барып ойнаудан қалып барады. Бұрынғы балалар бір ойынды ойнау үшін оған өзі сынды балаларды жинайтын. Ойынға қажетті заттарды іздейтін. Содан кейін барып ойынға кірісетін. Бұл ізденімпаз болудың бір көрінісі. Демек, оған ешкім дәп қазіргідей смартфоннан бәрін

кендер жағы өзі үйреніп жатады. Ғылыми технологияны іштен біліп тұғандай көрінеді. Жастардың тілімен айтқанда, «бәрін шашады». Оған талас жоқ. Бәлкім, заманның талабы солай болар. Дегенмен, ойыннан бас көтермей, телефонға телміріп отырғанын көріп таңдана-сыз. Кейде аздап қарныңыз ашады. Бастысы, іштей көп уақы-

дайындап қойған жоқ. Бұл да үлкен үлгі-өнеге аларлық іс деп ұғамыз.

Пысықтық – бала мен бала кездеседі. Бір-бірімен шынайы тілдеседі. Виртуалды әлемге телінбейді. Екеуі әртүрлі ойын ойнауға кіріседі. Ойынның өзі өмірдің бір бөлшегі. Екі тарапқа бөлінгендер арасында бәсекелестік болады. Кіл мықтыны анықтау үшін түрлі тәсілдер қолданады. Ақыр соңында пысығы жеңіске жетеді. Мұның өзінің үлкен тағылымдық мәні бар.



Талпынушылық – ел арасында «Талпынған жетер мұратқа» дейді. Шынында, үйде бір бұрышта, смартфонға байланған баланың бойында өсіп-жетілу аз болады. Қайта ол шынайы өмір мен виртуалды өмірді шатастырады. Себебі, әлі толық қалыптасып бітпеді. Оның бар талпынушылығы белгілі бір ойынды ғаламтордан жүктеп, соны ойнау. Көппен араласқан, жұрттың жақсысын біліп, жаманынан жиренуге үйренген бала түбінде бір озады.

Ойын ойнаған азар...

Халқымыз осы бір данагөй сөзді текке қалдырмапты. Әлгінде балаларға байланысты біраз ойдың шетін қозғайды. Бұрынғыдай аулаға шығып көрші қатарластарымен бірге доп ойна, қуаласып, бірге ойнап өскенге не жетсін? Маңдайын жел қармап, терлеп-тепшіп ойнаса, денесі шынығады. Ойы сергиді. Физикалық тұрғыдан алғанда, дұрыс қалыптасуына әсер етеді. Ал виртуалды әлемде мұның бірі де болмайды.

Біз ғаламтор ойындарын мансұқтамаймыз. Ол да керек шығар. Олай болатыны, интернеттің қуаты артып барады. Тіпті, көз ілеспейді. Ақпарат майданы десек те, артық емес шығар. Ойымыз осындай келеңсіз жағдайдан баламызды ада етейік. Одан да шамамыз келгеніміз домбыра, қобыз, спорттық секцияларға жаздырайық. Үйренсін, білсін, жақсыны көрсін. Ертеңгі күні ержетіп, үлкейгенде өз қажетіне әлгі жиған қасиеттерін жарағайды.

P.S. Алаш қайраткері, ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров «Балалықтың қанына ойын азық» депті. Жоғарыдағы ойларды топшылағанда осыған саяды. Ойын құсаң уақыт босқа өтеді. Барша істе баланс болғаны жөн сияқты. Ал сол нәрсені әркім өзіне-өзі жасайды.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



НАРЫҚ

БАСПАНА МӘСЕЛЕСІ: Үй алудың тиімді жолы қайсы?

Биыл жыл басынан бері республика бойынша берілген ипотекалық кредиттің көлемі 1 трлн теңгеден асқан. Бұл өткен жылмен салыстырғанда, 20 пайыздай артық. Жалпы, еліміздегі мемлекеттік тұрғын үй бағдарламаларының мақсаты – құны нарықтағы бағадан төмен, қолжетімді баспанамен халықты қамтамасыз ету. Осы мақсат қаншалықты жүзеге асуда?



Айнұр
СЕНБАЕВА

Тұрғын үй сарапшысы Зейнеп Досжанқызының айтуынша, біраз банктер 50/50 бағдарламасы бойынша ипотека береді. Мысалы, «Отбасы банкінде» пәтер ақысының жартысын жинап, ең төменгі 5 пайызбен табысын растамай, ипотека алуға болады. Бірақ банктің талабы бойынша, үш жылда алатын үйіңіздің 50 пайыз ақшасын жинап, бағалау көрсеткіші 16-ға толуы керек. Ол үшін 3 жыл бойы ай сайын белгілі бір мөлшерде депозитке ақша салып отыру қажет.

Қазіргі таңда көп адамның айлық табысы жетпегендіктен ипотека ала алмай жүр. Сондықтан әр адам өз болашағы үшін ақшаны алдын ала жинағаны абзал. Ал депозиті жоқ адамдар пәтер сомасының 50 пайызын жинап, табысын растау арқылы 7–8,5 пайызбен үй рәсімдей алады. Екінші деңгейлі банктердегі стандартты ипотеканың пайыздық мөлшерлемесі 14 пайыздан жоғары, ал табысын растаусыз шамамен 18 пайыз.

Бүгінде «Отбасы банк» секілді жеке компаниялар мен кооперативтер көбейіп кеткені рас. Бірақ мамандар ешқандай кепіл бермейтін ұйымдарға сенуге болмайтынын айтады.

Сарапшылардың айтуынша, жылдың соңына дейін еліміз бойынша мемлекеттік «Нұрлы жер» немесе «7-20-25» бағдарламасымен әлі де пәтер алуға мүмкіндік бар. Қазақстандықтар бұдан басқа да бірнеше ипотекалық бағдарламаларға қатыса алады.

«НҰРЛЫ ЖЕР»

Тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020–2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасына әкімдікте үй кезегінде тұрған адамдар қатыса алады. Бағдарламаның шарты бойынша пәтер ақысының 10 пайызын жинап, 20 жылға дейін ипотека рәсімдеуге болады. Несие мөлшерлемесі – 5 пайыз. Бұл мемлекеттік бағдарламалардың шарты жиі өзгеріп тұрады, сондықтан ипотека рәсімдерден бұрын банк кеңесшісінен кеңес алу қажет.

«Бұл бағдарлама бойынша қайталама нарықтан үй алу мүмкін емес, тек сатылымға жаңадан қойылған немесе салынып жатқан үйлерді алуға болады. Табысты міндетті түрде растау керек. Қазіргі уақытта адам басына шаққанда табыс 133 мың теңгеден аспауы шарт. Айталық, отбасында төрт адам болса, ортақ табыс 532 мыңнан аспауы тиіс», – дейді мамандар.

«БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ»

Табысы төмен отбасылардың баспаналы болуына арналған несиелендіру бағдарламасының бірі – «Бақытты отбасы». Бұл бағдарлама бойынша әкімдікте баспанаға мұқтаж тұлға ретінде кезекте тұрған адамдар үй ала алады, олар: көпбалалы отбасы (кем дегенде 4 бала), толық емес отбасы (ажырасқанына 3 жылдан асуы керек), мүмкіндігі шектеулі баласы бар отбасы (мүгедектіктің кез келген тобы). Соңғы өзгерістерге сәйкес, «Бақытты отбасы»

бағдарламасына жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар және I және II топтағы мүгедектер санаттары бойынша тұрғын үй кезегінде тұрған қазақстандықтар қатыса алады.

Биылғы қабылданған тұжырымдамаға сәйкес, таза әрлеудегі тұрғын үйдің бір шаршы метрі үшін мынандай баға параметрлері белгіленді:

Астана, Алматы қалаларында және олардың маңайындағы аудандарда 290 мың теңгеге дейін; Атырау және Маңғыстау облыстарында 240 мың теңгеге дейін; Шымкент, Қостанай, Түркістан, Қарағанды және Ұлытау облыстарында 220 мың теңгеге дейін, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қызылорда және Абай облыстарында 200 мың теңгеге дейін; Ақтөбе, Ақмола, Алматы, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Жамбыл және Жетісу облыстарында 180 мың теңгеге дейін.

Әлеуметтік тұрғын үй 3-4 жайлылық класына сәйкес келетін және пәтердің ең үлкен ауданы 80 шаршы метрден аспайтын болады. Сонда астаналықтар мен алматылықтар 23 миллион теңгеге дейін 3 бөлмелі үйді ала алады деген сөз. Жылжымайтын мүлік қарыз алушы тұрғын үй кезегінде тұрған аймақта сатып алынуы тиіс.

Бағдарлама бойынша заем мөлшерлемесі жылдық 2 пайыз. Ең төменгі бастапқы жарна 10 пайыз. Заем мерзімі 20 жылға дейін.

ТАБЫС ҚАЛАЙ ЕСЕПТЕЛЕДІ?

Отбасының әрбір мүшесіне түсетін соңғы алты айдағы табысы республикалық бюджет туралы Заңмен бекітілген ең төмен күнкөріс деңгейінің 3,1 еселенген шамасынан аспауы тиіс, яғни қазір отбасылық табыс мөлшері адам басына шаққанда 111 655 теңгеден аспауы керек. Негізгі кіріске еңбек және/немесе кәсіпкерлік қызметтен түсетін табыс жатады. Егер негізгі кірісіңіз жеткіліксіз болып жатса, қосымша табысты қосып есептей аласыз. Негізгі кіріске жататындар: ай сайынғы жалақы, жеке кәсіпкерліктен түсетін кіріс, өтеулі қызмет көрсету шарты бойынша түсетін табыс, тұрғын үй төлемдері, шәкіртақы (негізгі кіріс болған жағдайда). Қосымша кіріске жататындар: зейнетақы аударымдары, экологиялық төлемдер. Өзге жәрдемақылар кіріс ретінде есептелмейді.

«ҰМАЙ» ӘЙЕЛДЕР ИПОТЕКАСЫ

ИПОТЕКАНЫҢ НЕГІЗІ ШАРТТАРЫ:

Отбасы табысы 320 мыңнан аспауы керек. Алғашқы жарна 0 ден 20 пайызға дейін, ол табыс көзі мен таңдалған үйдің бағалануына байланысты. Қарыз 13 жылға дейін беріледі. Жылдық пайыздық мөлшерлемесі – 12 пайыз (өзгеріп отырады). Екі нарықтан да үй қарастыруға болады. Табыс көзі соңғы 6 айға расталуы керек.



КЕРЕК КЕҢЕС

АЛАЯҚТАРҒА АЛДАНБАҢЫЗ...

Кейбір адамдар үй алу мақсатында делдалдарға сеніп, ақша беріп алданып қалады. Осындайдың алдын алу үшін мамандар депозит ашқаннан бастап үй алғанға дейін жетелеп, кез келген өзгерістер бойынша көмек көрсетіп, кеңес беретін жеке менеджері болу керектігін ескертеді. Олар клиенттерден ақша алмайды. Үй аларда екі-үш банкті аралап, толық талдау жасап, жеке кеңесшілермен ақылдасқан дұрыс. Маман тұрғын үй алуды 40–50 жаста емес, 20 жастан бастап ойлану керегін айтты.

«Ұмай» ипотекасын тек әйелдер ала алады. Мамандардың айтуынша, статистика бойынша, 35 жастан асқан әйелдер ипотеканы көп рәсімдейді және олар жауапкершілікпен қарайтындар санатына жатады.

«7-20-25» МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ

«7-20-25» – Қазақстан Республикасының азаматтарына арналған әлеуметтік бағдарлама, ол тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін Елбасы тапсырмасы аясында әзірленген. «7-20-25» бағдарламасының операторы – «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ.

– «7-20-25» бағдарламасының несие бойынша пайыздық мөлшерлемесі – 7,2 пайыз. Бастапқы жарна мөлшері тұрғын үй құнының 20 пайызы және одан жоғары мөлшерінде белгіленеді. Бағдарламамен Астана, Алматы (шекаралас аймақтарды қоса алғанда), Ақтау, Атырау, Шымкент қалаларында 25 миллион теңгеге дейін тұрғын үй қарастыруға болады, ал Қарағанды қаласы үшін 20 миллион теңге және басқа өңірлер үшін 15 миллион теңге. Қарызды өтеу мерзімі 25 жылға дейін ұлғайтылды. Қарыз алушыдан қарызды беру және қызмет көрсету үшін комиссия алынбайды, – дейді сарапшы.

Жеке тұлға «7-20-25» бағдарламасы бойынша қарыз алу үшін мынадай талаптарға сәйкес келуге тиіс: Қазақстан Республикасының азаматтығы; Қазақстан Республикасының аумағында меншік құқығындағы тұрғын үйінің болмауы; расталған еңбек және (немесе) кәсіпкерлік қызметтен алынатын кірісінің болуы; ипотекалық кредиттерінің болмауы.

Біраз адамның баспаналы болуына септескен «7-20-25» бағдарламасы аяқталуға таяды. Осы кезге дейін бағдарлама бойынша 701,5 млрд теңге игерілген. Енді мемлекет «7-20-25»-ке балама болатын жаңа ипотекалық бағдарламаны нарыққа шығаруға ниетті. Жақында Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскенбаев ескі бағдарламаның орнын басатын жаңа бағдарламаны қолға алуға ниетті екендіктерін хабарлады. Министрдің сөзінше, мемлекет алдымен

халықтың әлеуметтік осал тобының баспанамен қамтуды мақсат етеді. Бірақ өмір сүріп, жұмыс істеп, отбасы құрып жатқан негізгі адамдар массасы туралы ұмытуға болмайтынын ескертті. Енді әркімді категорияға бөлмей, туындаған қиындыққа байланысты әр отбасына жеке мән беру керек. Алдағы уақытта әр отбасының цифрлық портреті құрылады. Ведомство басшысы жеңілдетілген жаңа ипотекалық бағдарламаның жақын арада таныстырылатынын айтты.

«АЛМАТЫ ЖАСТАРЫ», «ЕЛОРДА ЖАСТАРЫ» ЖӘНЕ «ӘСКЕРИ БАСПАНА»

«Алматы жастары» және «Елорда жастары» жеңілдетілген несие беру бағдарламалары биыл да жалғасын тапты. Бағдарламаларға қатысушылар конкурс арқылы іріктеледі. Ал «Әскери баспана» бағдарламасы бюджеттен ақша бөлінгеніне қарай жылына 1-2 рет өтеді. Мемлекеттік бағдарламалардан бөлек банктерде «Жас отбасы», «Өз үйім» секілді жекелеген бағдарламалары да бар.

ЖАЛДАМАЛЫ ПӘТЕР КІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН?

Таяуда Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі әлеуметтік осал топтарға жалға алып отырған тұрғын үйінің 50 пайызын үкімет төлейтіндей көмек тетігін әзірледі. Яғни жалға алу құнының 50 пайызын мемлекет, қалған 50 пайызын жалға алушы төлейді. Жеке тұрғын үй қорынан баспананы жалға алғаны үшін берілетін төлемді табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен, яғни 36 018 теңгеден төмен, жергілікті атқарушы органдарда кезекте тұрған азаматтарға беру ұсынылды.

Олар: көпбалалы отбасылар, I және II топтағы мүгедектер және мүмкіндігі шектеулі бала асырап отырғандар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар жатады. Бағдарлама биыл іске қосылды.



ЭКОЛОГИЯ

ЭКОМӘДЕНИЕТ МЕКТЕПТЕН БАСТАЛАДЫ

«Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалары» іске асыру шеңберінде MEGA «Алма-Ата» СОО-да «Жасыл мектеп» эко-фестивалі өтті.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Іс-шараның мақсаты – жас ұрпақты қоршаған ортаны, табиғатты қорғауға тәрбиелеп, экологиялық мәдениетті қалыптастыру. Сонымен қатар, аталмыш фестиваль жауапты брендтерге өздерінің ESG және экологиялық миссияларын жүзеге асыру үшін алаң ұсынуға мүмкіндік береді. Яғни тұрғындарды экологиялық мәселелерді шешуге шақыра отырып, эко-викториналарға, акцияларға қатысуда белсенділік танытуды көздейді.

Алматыда бұл бағытта көптеген жұмыстар атқарылып, түрлі іс-шаралар өтуде. Мәселен, Экология және қоршаған орта басқармасының мамандары қала әкімдігімен, мекемелер, жоғары оқу орындары мен мектептерде экологиялық құндылықтарды енгізетін кәсіби ұйым – ECO Network компаниясымен бірлесіп ұйымдастырған эко-фестивальге қала мектептерінің оқушылары белсене қатысты. Айта кетейік, бүгінде аталмыш жоба Қазақстанның алты қаласында жүзеге асырылып келеді. Құрамында 100-ден астам ұйымдар бар компанияның 45000-нан астам қатысушысы бар.

Іс-шарада оқушылар қоршаған ортаны, табиғатты қорғауға елеулі үлес қосқан жас



өрендер өздері ойлап тапқан түрлі идеяларымен бөлісіп, сала мамандарымен биоалуантүрлілікті сақтау, су ресурстары мен энергияны үнемдеу, қалдықтармен жұмыс істеу, тауарлар мен қызметтерді экологиялық сауатты тұтыну мәселелері бойынша пікір алмасты.

– Жасыл технологиялар мен экологиялық ойлау – бұл біздің күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналатын әлемдік тенденция. Сондықтан балаларды экологиялық мәдениетке тәрбиелеу және қоршаған ортаны құрметтеу ерте жастан бастап өте маңызды, – дейді эколог мамандар.

Фестиваль аясында жастар экологияға зиян тигізбей-ақ қолдануға болатын түрлі әдістерімен бөлісті. Нәтижесінде «Water from air» – ауадан су алу, ескі заттарға екінші өмір беріп, одан жаңа өндірістік зат жасау, жемістерді кептіруге арналған кептіргіш құрал ойлап тапқан өнертапқыш өрендер әділқазылар алқасының шешімімен үздік деп танылды.

Сағат 12.00-де басталып, кешкі 19.00-ге дейін жалғасқан фестиваль адамға ой саларлық түрлі бастамаларымен қызықты өтті.

КӘСІПТІК БІЛІМ

Еліміздің 200-ден аса колледжі құрылыс саласына қажетті кадрларды даярлайды. Соған қарамастан жұмыссыз жастар қатары да арта түсуде.

Маман бар, жұмыс тапшы

Осыған орай, осы саланың жауапты мамандары зерттеу жүргізген көрінеді. Мамандардың мәліметінше, бүгінгі таңда еліміздің барлық өңірінде құрылыс саласы үшін кадр даярлайтын техникалық және кәсіптік білім беретін 770 ұйым бар. Оның ішінде 202 колледж құрылыс саласы үшін кадр даярлайды. Онда 21 мыңнан астам студент білім алып жатыр.

Осыған сәйкес мемлекеттік гранттың бөлінетін жыл сайынғы көлемі сәулетші, барлық бағыттағы инженер-құрылысшы, сондай-ақ орта буын және жұмысшы кәсіптер сияқты мамандықтар бойынша кадрларға деген қажеттілікті толық көлемде қамтамасыз етуге мүмкіндік беріп отыр.

Атап айтқанда, аталған шаралар оқу аяқталғаннан кейін жұмыспен қамту, сондай-ақ мектеп түлектері мен жұмыссыз жастар арасында тиісті кәсіптік бағдарлау шараларын қамтиды.

Бұған қоса, 400-ге жуық білім бағдарламасы қайта қаралып, жұмыс берушілерді білім беру процесіне тарту үшін дуалды оқыту форматы сәтті жүзеге асып жатыр. Бұл ретте дуалды оқыту барысында студенттің тәжірибеден өту мерзімі еңбек өтіліне қоса есептеледі. Сондай-ақ, кәсіпорындарды ынталандыру үшін өндірістігі тәлімгерлерге еңбекақы да төленеді.

Бүгінде аталған оқыту форматы 109 отандық колледжде енгізіліп, құрылыс мамандықтары бойынша дуалды оқытумен 6 мыңға жуық студент қамтылған.

ПИЛОТТЫҚ ЖОБА

Елімізде «Жайлы мектеп» жобасы қызу талқыға түсе бастады. Осыған орай, Ел Үкіметі «Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасының қағидалары мен талаптарын бекітуді ұсынып отыр. Мәселен, аталмыш жоба аясында салынатын мектептерде ескерілуі тиіс тетіктер қамтылған құжат Ашық НҚА сайтында жарияланып отыр.

«Жайлы мектеп» қандай болады?

Ұлттық жоба аясында 2026 жылға дейін қалалар мен белсенді дамып келе жатқан елді мекендерде 800 мың балаға арналған екі ауысымдық мектептер салынатын болады.

Аталмыш құжатта «Орта білім беру ұйымдарының объектілерін салу кезінде ұлттық стильді ескере отырып, заманауи эстетикалық тартымды сыртқы түрімен безендіру, бейнебақылау, дыбыстық ескерту орнату, террористік қауіп туындаған кезде автоматты түрде жабылатын есіктер, бөлек блоктар, жылдамдығы 100 Мбит/с интернет желісі, мұғалімдер үшін жабдықталған жұмыс аймақтарының үлесі 30 пайыз болуы қарастырылады.

Мектептерде бастауыш сыныптар үшін бөлек, негізгі және орта мектептер үшін бөлек асханалар болады. Мектепалды даярлық сыныбы және 1–4-сыныптар мен 5–11-сыныптар үшін бөлек спорт залдар қарастырылады.

Мектептерде «әмбебап дизайн» және «ақылға қонымды бейімделу» қағидатын ескере отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту үшін арнайы жағдайлар жасалады.

Мектеп құрылыстары аяқталғанға дейін автомобиль жолдары салынады. Атап айтқанда, балаларды мектепке әкелетін ата-аналардың автокөліктерін қою үшін тұрақтар, автобустық маршруттар мен аялдамалар бой көтеріп, тротуарлар төселеді», – деп көрсетілген.

Министрліктің дерегіне көз жүгіртсек, ұлттық жобаны іске асыруға мемлекеттік бюджеттен 2,6 трлн теңге қаражат қарастырылған екен. Оның ішінде Ұлттық қордан – 646 млрд, республикалық бюджеттен – 1,9 трлн теңге берілетін болады. Құжатта көрсетілгендей, мектептерді салу нәтижесінде оқушы орны тапшылығын шешуден бөлек, 100 мың уақытша және 145 мың тұрақты жұмыс орындарымен қамтылатын болады.

ДОКТОРАНТУРА

ҚАЗАҚ ТІЛІН БІЛУІ ШАРТ

Биылдан бастап докторантураға түсетіндерге жаңа талап енгізіліп отыр. Білімін жалғастырғысы келетін жастар құжаттарымен қоса, енді қазақ тілін меңгергенін растайтын сертификат тапсыруы тиіс.

Еліміз бойынша 1 қарашадан бастап докторантураға түсу емтиханына құжат қабылдау басталды. Қабылдау 18 қарашаға дейін жалғасады. Түсу емтиханы 5–11 желтоқсан аралығында өтеді. Докторантураға түсу үшін тек бір жоғары оқу орны мен білім бағдар-

ламаларының бір тобын ғана таңдауға болады. Тестілеу орны мен уақыты туралы ақпарат түсушінің жеке кабинетінде 29 қарашада жарияланады. «Түсу емтиханына эссе жазу, докторантураға дайындық тесті және білім бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан

кіреді. Жалпы, түсу емтиханының ең жоғары көрсеткіші – 100 балл, оның ішінде әңгімелесу – 20 балл, эссе – 10 балл, докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тест – 30 балл, бейіні бойынша емтихан сұрақтары – 40 балл. Ал мемлекеттік білім тапсырысы бойынша конкурсқа қатысу үшін және ақылы негізде докторантураға түсу үшін шекті балл – 75.

Сонымен қатар, биыл алғаш рет докторантураға түсу үшін шет тілін білу сертификатынан басқа, мемлекеттік тілді меңгергенін растайтын сертификатты қоса ұсыну қажет.

КЕЗДЕСУ

РОБОТОТЕХНИКА ДАМЫП КЕЛЕДІ

Жақында ғана жас өнертапқыш оқушыларымыз жеңіспен оралған еді. Осыған орай, Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов робототехникадан Қазақстан құрамасының педагог-жаттықтырушылары Асылбек Мырзахметов пен Нұрдаулет Дұрмағамбетпен кездесті.

Министр осынау жеңіс жолында оқушыларды шыңдағаны үшін және Швейцарияда өткен робототехникадан FIRST GLOBAL CHALLENGE-2022 әлем чемпионатындағы оқушыларының жеңісімен құттықтады. Әлі де үлкен жеңістермен қуантатындықтарына сенім білдірді.

Кездесу барысында жаттықтырушылар алдағы чемпионатқа дайындық барысы туралы әңгімеледі. Сонымен қатар, Индонезия, Черногория, Исландия, Перу және Ливан елдерінің өкілдерінен келесі жылы осы мемлекеттердің командаларын дайындауға қатысты ұсыныстар айтқаны туралы да айтты.

Жалпы, біздің елімізде робототехника қарқынды дамып келеді.

Сырт мемлекеттер тарапынан ұсыныстардың түсіп жатқаны – еліміздің робототехника саласындағы жоғары жетістіктерінің айқын көрсеткіші. Қазіргі балалардың осы бағытқа қызығушылығы жоғары. Мектептерде робототехника кабинеттері ашылып жатыр. Елімізде робототехниканы одан әрі дамыту көзделіп отыр. Мәселен, 2023 жылы елімізде робототехникадан ауқымды халықаралық жарыс өткізілмекші. Соңғы жылдары елімізде 3 мыңға жуық робототехника кабинеті ашылып, балаларға арналған арнайы білім беру бағдарламалары әзірленген.

Әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.

КАСІПҚОЙ БОКС

Жағың сынса да, сағың сынбасын!

Жоқ, соңына дейін айқасуым керек. Әлі де мүмкіндік бар. Артымда қалың елім қазағым тұр. Үйде тақым қысып анам отыр. Жекпе-жегімді тікелей эфирден төрткүл дүниеге көрсетіп жатыр. Беріле салсам, әлем қазақ туралы не ойлайды? Жеңіліп жатқанымды білем, бірақ соңына дейін... соңына дейін төбелесуім керек. Мен шыдаймын, шыдауға тиіспін...

12-ші раундқа шыққан Айдос Ербосынұлының шаршы алаңдағы бар ойы осындай болған шығар. Айдостың орнында басқа қазақ болса да, соңына дейін айқасар еді. Өйткені, қазақ боксшылары беріле салуды білмейді. Білмейді емес, ұят санайды. Денсаулығына қауіп төніп тұрса да, бірінші кезекте намысты ойлайды. Қарсыластың жұдырығы емес, қазақ батырын намыс қана жыға алады. Сенбесеңіз, Геннадий Головкиннен, Айдар Шәрібаевтан, Бекман Сойлыбаевтан сұраңыз.

Айтпақшы, жағдай АҚШ-тың Миннесота штатында болды. Жексенбінің таңында кубалық Давид Моррелге қарсы чемпиондық жекпе-жек өткізген Айдос Ербосынұлы 12-ші раундта өте ауыр соққы алып, шаршы алаңға сылқ құлады. Өз аяғымен көтерілсе де, нық басуы қиындап, қарсыласы мен төрешінің сүйемелдеуімен ғана бұрышына барды. Әрі қарай медициналық арбаға жатқызып, ауруханаға жедел жәрдемнің көмегімен жетті.

Бұл – екінші орта салмақ дәрежесіндегі жекпе-жек еді. Давид Моррел WBA чемпиондық белбеудің иегері. Кәсіпқой боксқа үш жыл бұрын 21 жасында келген. Әуесқой бокста да біраз шыңды бағындырып үлгерді. 2016 жылы жастар арасындағы әлем чемпионы болған. Кәсіпқой бокста

үшінші айқасында-ақ чемпиондық белбеуге таласып, жеңіп алды. Айдосқа дейін 7 жекпе-жек өткізіп, алтауында қарсыласын нокаутқа жіберген. Иә, қазақстандық боксшының тәжірибесі басымдау болғанымен қарсыласы да осал емес еді.

Айдос жеңіліп жатқанын сезді. Секунданттары да айтқан шығар. 12-ші раундтың алдында хаттамада 108:101, 110:99, 110:99 есебі тіркеліп тұрды. Сондықтан жерлесіміз соңғы раундта қарсыласының әлсіз тұсын іздеп, құлатудың қамын қарастырды. Бірақ бұған дейін өткізіп алған шабуылдары бар, жіберген соққылары бар, қарсыласы да қарап қалмақ емес, секундтар сырғыған сайын қиындай түсті. Сөйтіп жүргенде, төреші бір рет нокаут санады. Бұған төрешіден алған ескертуді қосыңыз. Әйтеуір бәрі бапкерлер мен боксшы ойлағандай болмай жатты. Кенет, тағы бір шабуыл – қарсыласының апперкоты және хук. Біздің «Барыс» айқасты жалғастырғысы келгенімен төрешінің пәрмені басқаша болды. Нокаут. Ауыр нокаут.

Қазір А.Ербосынұлы Миннеаполисте ауруханада жатыр. Дәрігерлер жасанды комаға жіберуге мәжбүр болыпты. Соңғы ақпараттарға сүйенсек, өміріне қауіп жоқ. Боксшының промоутерлері қазір Айдостың жақындарын АҚШ-қа алдыртудың



қамымен жүр екен. Барлығы да «Барысқа» тілеулес. Жәнібек Өлімханұлы да, Айдар Шәрібаев та, тіпті, мексикалық Сауль Альварес те әлеуметтік желісінде боксшымызға қолдау білдірді. «Сенімен біргемін, бауырым! Ертерек сауығып кет!», – деді Канело. Расымен де, қолдаушысы көп екенін білеміз. Бірақ шаршы алаңды емес, денсаулықты да ойлау қажет. Кез келген соққы сені ешкімге қажет етпей тастауы әбден мүмкін.

Әлбетте, біз Айдосты жазғыра алмаймыз. Шаршы алаңға шыққан боксшы жеңілуді, беріле салуды ойламайды ғой. Мұның барлығын бағамдап отыратын бапкерлер бар. Төреші де бақылаушы ретінде. Ал Давид Моррелдің жеке бапкері Ронни Шилдстің пікірінше, рефери жекпе-жекті ертерек тоқтатуы тиіс еді.

– Жекпе-жекті ертерек тоқтату керек еді. Рефери бұл жігіттің әбден таяқ жеуіне мүмкіндік беріп қойды. Боксшының бұрышына барып: «Ей, жігіттер, тоқтатыңдар» деп ұсыныс айту керек болатын. А.Ербосынұлы «лас» бокстаса бастады, өйткені ол нокаутқа түскісі келмеді, – деген Ронни Шилдс әрі қарай былай деді. – Мұның барлығы көкіректіктің кесірі. Осыншама соққыларға төтеп берген ол барлық мақтауға лайық. Құлағысы келмеді

ғой. Бірақ оңбай жеңіліп жатқанын көрдің бе, тоқтатуың керек еді. Білесіз бе? Бұл жігіт енді ешқашан үлкен боксқа оралмауы мүмкін.

Ал дәл қазақстандық боксшыны баптаған бапкерлердің бірі Эмануэль Савой 10-шы раундтан кейін-ақ қолына сүлгіні ала бастағанын айтады.

– Мен сүлгіні шаршы алаңға лақтыруға дайын болдым. Өйткені, мұндай жекпе-жектердің талайын көргенмін. Арты жақсы болмайтынын білдім. Бірақ Айдостың өзі және оның жеке бапкері Қанат Орақбаев айқасты жалғастырғысы келді. Айдос та айтқанынан қайтпады. Тіпті, нокауттан кейін де төрешіні танып, алға ұмтылғанын көрдіңіздер. Ол соңына дейін төбелескісі келді, – деді Эмануэль Савой.

Иә, бұл барлық қазақ батырларына тән қасиет. Бокста ғана емес, спорттың басқа түрлерінде де солай. Алайда, денсаулықтың бәрінен маңызды екенін де ұмытуға болмайды. Қазір Айдос Ербосынұлының жағдайы бірқалыпты. Ота жасатыпты. Екі аптадай дәрігерлердің қарауында болатын көрінеді. Осы орайда есімізге Айдостың өз кітабы еске түседі. Биыл наурыз айында «тұсауын кескен» кітабын «Жағың сынса да, сағың сынбасын!» деп атаған.

Сағың сынбасын, Айдос!

ФУТБОЛ

Қазақстан чемпионаты мәресіне жетті

Футболдан Қазақстан чемпионаты мәресіне жетіп, барлық жүлдегерлер мен Бірінші лигаға ұшқан командалар толық анықталды.

Осымен 32-ші рет ұйымдастырылған ел чемпионатының соңғы турында 5 матч қатар өтті. Қарағандыда «Шахтерді» 3:2 есебімен жеңген «Астана» Қазақстанның 7 дүркін чемпионы атанды. «Ақтөбеге» бір ұпай жетпей қалды. Өз алаңында Алматының «Қайратын» 4:1 есебімен ойсырата жеңгеніне қарамастан күміс жүлдені қанағат қылды. Негізгі есепті бірінші болып алматылықтар ашқан. Бірақ қуаныш көпке созылмады. Егер жеңіске жеткенде қолаға созуға болар еді. Алайда, үшінші орын Қостанайдың «Тобылына» бұйырды. Экс-чемпиондар Оралда 3:1 есебімен «Ақжайықтан» басым түсті.

«Ақжайық» демекші, осы жеңілістен кейін турнир кестесінде соңғы орын алған оралдықтың келесі маусымды Бірінші лигада өткізеді.

Сондай-ақ, олармен «қол ұстасып», төменгі дивизионға Түркістанның «Тұран» командасы да түсті. Түзде басты бәсекелестерінің бірі «Таразды» 3:2 есебімен тізерлетіп, турнир кестесінде тенескеніне қарамастан гол айырмашылығына байланысты артта қалды. Енді келесі маусымда «Ақжайық» пен «Тұранның» орнын жоғарғы дивизионда Көкшетаудың «Окжетпесі» мен Қызылорданың «Қайсары» басады. Ал соңғы турға дейін «қыл үстінде тұрған» «Қызыл-Жар» өз жанкүйерлерінің алдында «Каспийді» 4:1 есебімен ойсырата жеңіп, бірден 10-сатыға көтерілді.

Сондай-ақ, соңғы турда Павлодардың «Ақсу» командасы «Атырауды» 2:1 есебімен жеңсе, оңтүстік дербиінде «Мақтаарал» мен «Ордабасы» голсыз таркасты.

ТУРНИРЛІК КЕСТЕ

Орын	Команда	Ойын	Жеңіс	Тең ойын	Ұтылыс	Голдар	Ұпай
1	Астана	26	16	5	5	65-24	53
2	Ақтөбе	26	16	4	6	43-28	52
3	Тобыл	26	14	5	7	46-33	47
4	Қайрат	26	12	6	8	34-36	42
5	Ордабасы	26	11	5	10	36-39	38
6	Ақсу	26	11	3	12	32-37	63
7	Шахтер	26	9	5	12	34-35	32
8	Мақтаарал	26	8	7	11	28-38	31
9	Каспий	26	9	4	13	26-42	31
10	Атырау	26	7	8	11	30-39	29
11	Қызыл-Жар СК	26	7	9	10	33-32	30
12	Атырау	26	7	8	11	30-39	29
13	Тұран	26	6	10	10	25-35	28
14	Ақжайық	26	6	7	13	19-31	25

ӘУЕСҚОЙ БОКС



Германиядан 13 медаль

Германияның Кельн қаласында бокстан ерлер мен әйелдер арасындағы бір аптаға созылған халықаралық турнир аяқталды. Әлем Кубогы деген атау алып, төртінші рет ұйымдастырылған бәсекеде Қазақстан құрамасы екі алтын, үш күміс және сегіз қолаға қол жеткізді.

Айта кетейік, Германияда бір апта бойы Аустрия, Аустралия, Бельгия, Германия, Куба, Моңғолия, Франция, Қазақстан, Украина, Дания мен Микронезия елдерінен

келген былғары қолғап шеберлері бас қосқан. Ерлер арасында 90 боксшы, әйелдер арасында 37 боксшы жұдырықтасты.

Қазақстан құрамасынан 60 келіде Талғат Сырымбетов пен 66 келіде Наталья Богданова чемпион атанды. Ал Армат Арманұлы (71 келі), Сания Сұлтанқызы (57 келі), Назым Ишанова (60 келі) финалға дейін жетіп, күміспен күптелді. Сондай-ақ, ерлерден Кенже Мұратұлы (51 келі), Диас Молжігітов (75 келі), Ильяр Аширов (75 келі), Абзал Құттыбеков (92 келі), Нұрлан Сапарбай (+ 92 келі) және қыздардан Анель Сақыш (54 келі), Надежда Рябец (66 келі) пен Анастасия Баязитова (81 келі) қола жүлдеге қол жеткізді.

Бұдан бөлек, Наталья Богданова әйелдер арасындағы барлық салмақтағы үздік боксшы атағына ие болды.

Бетті әзірлеген
Әзиз ЖҰМАДИЛ.



ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Lemon LOMBARD» ЖШС 2022 жылғы 29 қараша, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 181, 17-п., өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойын тұмарлар, алқалар).
Лоттар саны – 1100 дана.
Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ, төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.
Өтінімдерді «Lemon LOMBARD» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қаласы, Әуезов көшесі 181, 17-п. немесе lemon@lmb.kz электрондық поштасы бойынша 2022 жылдың 26 қараша, сағат 18.00-ге дейін.
Сауда-саттықты өткізу әдісі – Голландтық.
Бағаны өзгерту қадамы – 2%.
Сатылым туралы қосымша ақпаратты: +7 707 117 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

БРИФИНГ

Алматыда кеуде қуысы пішініне
ота жасалады

Кеуде қуысы деформациясын емдеудің әдіс-тәсілдері туралы Алматы қаласының ӨКҚ алаңында Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының №1 қалалық клиникалық ауруханасының кеуде бөлігінің хирургиясы орталығының меңгерушісі Нұрлан Жарылқапов айтты.

«Кеуде қуысының деформациясы адамдардың 2%-ында кездеседі. Сүйек және шеміршек тіндеріндегі өзгерістер кеуде қуысының тірек функциясын да, қозғалғыштығының қажетті мөлшерін де төмендетеді. Кеуде қуысының деформациясы (төс және қабырғалар) тек косметикалық ақау болып қана қоймайды және психологиялық проблемаларды ғана емес, сонымен қатар кеуде мүшелерінің дисфункциясына әкеледі. Бұл патологияда тыныс алуға байланысты проблемалар жиі туындайды, қатты деформация кезінде жүрек ығысуы, әрі оның жұмысын бұзылуы мүмкін. Сондай-ақ, ауыр жағдайдағы кеуде деформациясы омыртқа өзегінің қисаюуына әкеледі. Деформацияның бұл түрі тек эстетикалық жағынан ғана емес, сонымен қатар медициналық көрсеткіштер бойынша да түзетілуі керек», – деп бастады баяндамасын спикер.

Маманның айтуынша, кеуде қуысының деформациялану себебі туа біткеннен, сонымен бірге, жүре пайда болуы мүмкін. Клиникалық тәжірибеде кеуде қуысының көбінесе шұңғыма тәрізді деформациясы және шоқы тәрізді деформация түрлері кездеседі. «Кеуде қуысының шұңғыма тәрізді деформациясы ең көп таралған және ол 400 жаңа туған нәрестенің ішінде біреуінде кездеседі. Шоқы тәрізді кеуде деформациясы деформацияның екінші жиі кездесетін түрі, ол шұңғыма тәрізді түріне қарағанда қарағанда 5 есе аз кездеседі. Шоқы тәрізді кеуде деформациясы кеуде қуысының бүйірлік өлшемі тарылады», – деді Нұрлан Жарылқапов.

Бұл деформацияның дамуын түсіндіретін бірнеше теориялар бар. Кейбір авторлар шұңғыма тәрізді деформацияның дамуы төс сүйекті артқа қарай итеретін қабырға шеміршегінің шамадан тыс өсуіне байланысты болуы мүмкін деп есептейді. Диафрагматикалық ауытқулар, рахит немесе жа-

тыршылық қысымның жоғарылауы да төс сүйегінің артқы ығысуына ықпал етеді деп саналады.

Көбінесе шұңғыма тәрізді деформация тірек-қимыл аппаратының басқа ауруларымен, мысалы, Марфан синдромымен байланысы, деформацияның белгілі бір дәрежесі дәнекер тіннің ауытқуларына байланысты екенін көрсетеді. Генетикалық детерминизм сонымен қатар шоқы тәрізді деформациясы бар науқастардың 40%-ында кездеседі.

Кеуде қуысы деформациясының белгілері:

- төс және қабырғалардың сырт көзге байқалып тұратын патологиялық өзгерістері;
- жүрек-қан тамырлары бұзылыстары;
- тыныс алудың қиындауы;
- салмақтың азаюы;
- артериялды қан қысымының көтерілуі;
- шамадан тыс тершендік.

Сондай-ақ, брифинг барысында маман ота қалай жасалатынын, операциядан кейінгі қалпына келтіру қанша уақытқа созылатынын және мұндай хирургиялық араласулардың кімдерге қарсы көрсетілімдері бар екенін айтты. Дәрігерлер ерте жаста ота жасауға кеңес береді. Балаларда қалпына келу тезірек және оңайырақ жүреді.

«Ешқандай қарсы көрсетілімдер жоқ. Егер сіз шара қолданбасаңыз, бұл кеуденің басып тұруы салдарынан ішкі органдардың жұмысының бұзылуына әкелуі мүмкін. Насос операциясы – бұл шұңғыма тәрізді кеуде деформациясын жоюға арналған, аз инвазивті әдісті қолданатын хирургиялық араласу. Деформацияны түзету технологиясы үш кезеңді қамтиды: пластинаны салу, оны тағып жүру кезеңі және пластинаны алу», – деді спикер.

18 жасқа дейінгі балалар мемлекет есебінен сақтандырылған және тегін медициналық көмек ала алады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырман!

2023 жылға баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға бір жылға жазылу керек.

2022 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектердің көшірмесін конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. Редакцияның мекенжайы: ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61, немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») almaty.aqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС.

2023 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Байқауға бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтар 2023 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2023 жылдың 2 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары:

8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

Нашақорлар ордасына
айналған

Қалада мефедрон сатып келген
20 жастағы бармен жігіт ұсталды



Гүлжанат
СЕМБАЕВА



Алматы полициясы есірткі саудасын ұйымдастырған екі адамды ұстады. Бұл туралы ҚР Ішкі істер министрлігінің өкілі Шұғыла Тұрлыбек айтты.

«Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл бөлім-

шесінің қызметкерлері Алматының түнгі клубтарының бірінде 20 жастағы барменді ұстады. Күдікті клиентке синтетикалық есірткі сатуға тырысқан. Сараптама қорытындысына сәйкес бұл зат мефедрон болып шықты», – деді Ішкі істер министрлігінің өкілі апталық онлайн брифингінде.

Осы клубқа тұрақты келушілердің біріне қатысты жедел және арнайы іс-шаралар өткізілген. Оның тұрғылықты жерін тінту кезінде қарапайым пәтердің нашақорлар ордасына айналғаны анықталды. Онда 6 адам ұсталып, жеке мәліметтері тексеріліп жатыр.

«Жедел қызметкерлердің айтуынша, бұл пәтердің иесі порностудия да ашып үлгерген. Ол Алматының элиталық шағынауданында орналасқан. Онда 18 және 22 жастағы екі қыз жұмыс істеген. Жедел деректерге сүйенсек, олар есірткіге тәуелді. Порнографиялық мазмұндағы видео таратылатын вебсат студияны аталған ер адам бірнеше ай бұрын жасаған», – деді Шұғыла Тұрлыбек.

1–30 қазан күндері Ішкі істер министрлігі құқықбұзушылықтардың алдын алып, азаматтармен тығыз қарым-қатынас орнату үшін «Учаске» жедел алдын алу шарасын өткізді. Операция кезінде полиция қызметкерлері әкімшілік учаскелерді аралап, ішкі істер органдарының есебінде тұрған адамдарды тұрғылықты жері бойынша тексерген және азаматтық қару иелерінің тұрғылықты жері бойынша сақталуын, уақытылы тіркелуін және қайта тіркелуін нақтылаған.

Алматы қаласы мәслихатының депутаттары көрнекті ғалым, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының құрметті академигі, 5-шақырылымдағы Алматы қаласы мәслихатының депутаты

Серік Жайлауұлы ПІРӘЛИЕВТІҢ

қайтыс болуына байланысты туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail:
aliya.yesimkhanova@bk.ru

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпочта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Akshamy» ЖШС.
almaty.aqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Айнұр СЕМБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортндағы
жолаушыларға қолжетімді.



КІТАР FEST KIDS 2022 фестивалі өтті



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алматыда КІТАР FEST кітап фестивалі өтті. Қазақстанның жалғыз кітап фестивалі болып табылатын ауқымды шара Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен 2014 жылдан бері жыл сайын өткізіліп келеді.



Дос
ОРЫНБЕКҮЛЫ

Биылғы КІТАР FEST Балалар жылына сәйкес келді. Қазақстандағы Балалар жылына арналған жобаның басты мақсаты да – оқырман мәдениетін дамытып, жазушылар мен олардың оқырмандары үшін бірыңғай алаң құрып, балалар мен жастар арасында кітапқа деген қызығушылықты арттыру.

«8 жыл ішінде Kitap Fest Алматының кітап сүйер қауымы үшін ғана емес, барлық қазақстандықтар үшін сүйікті алаңға айналды. 2019 жылы біз фестивальді елордада өткіздік. Жакын арада кітап фестивалін еліміздің басқа қалалары мен өңірлерінде де өткізуді жоспарлап отырмыз, өйткені оған үлкен қызығушылық пен сұраныс бар», – деді Kitap FEST кітап фестивалінің бас үйлестірушісі Майра Әлжанова.

10 сағаттық Kitap Fest фестивалінің мәдени бағдарламасында – фестиваль қонақтары әкелген кітаптармен өзара алмасуға, ұнаған кітаптарды жеңілдікпен сатып алуға немесе оларды толығымен тегін алуға

мүмкіндік алды. Биылғы кітап фестивалінде әртүрлі жанрдағы 3000-нан аса кітап тегін таратылды.

Фестивальде 30-ға жуық жазушы, олардың ішінде: Еркем Тұрсынов, Әсел Сапақова, Лиля Калаус, Консантин Нагаев және басқа да көптеген авторлар өздерінің жаңа кітаптарын таныстырды. Қаламгерлер қазіргі әдебиеттегі өзгеріп жатқан тенденция туралы өз ойларымен бөлісті. «Қазақ қаламгері» және «Офлайн кітаптар туралы» атты шатырларда танымал жазушылар мен блогерлер қауымы өз тәжірибелерімен бөлісті. Кітап жәрмеңкесінде кітап дүкендері, баспагерлер және интернет-дүкендері өз өнімдерін 20%-ға дейінгі жеңілдікпен сатты. Балаларға арналған ойын-сауық бағдарламасы аясында аниматорлар, театр қойылымдары, шеберлік сыныптары, аквагим мен түрлі қызықты байқаулар келген қонақтарға тамаша көңіл күй сыйлады.

Сондай-ақ, фестивальде алғаш рет «Ауылға кітап» акциясы өткізілді, онда кез келген оқырман өз кітабын әкеліп, Қазақстанның ауылдық кітапханаларына тапсыруға атсалысты.



ФЕСТИВАЛЬ

«МҰҚАҒАЛИДЫ», «ҰЛЫ ДАЛА ТАҢЫ» МЕН «АҚБОЗ ҮЙДІ» КӨРДІ Түрік көрермендеріне жол тартты

«Қорқыт ата» халықаралық түркі әлемі кинофестивалі биыл 1–5 қараша аралығында жас Осман мемлекетінің бұрынғы астанасы Бурсада өтті. Фестиваль Түркияның Мәдениет және туризм министрлігінің және Бурса қалалық муниципалитетінің қолдауымен ұйымдастырылған.



Кинофорум түркі елдері мен халықтарының кинематографистері мен мәдениет қайраткерлерін жинады. Оған Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстанның 300-ден астам өкілі қатысты. Фестивальде елімізді танымал продюсерлер, режиссерлер мен актерлер таныстырды. Олардың қатарында елімізге танымал тұлғалар Нұржұман Ықтымбаев, Жанна Куанышева, Ақан Сатаев, Азамат Сатыбалды, Жайдарбек Күнғожинов және тағы басқалар бар.

Негізгі көркем фильмдер байқауына 10 картина, деректі фильмдер

байқауына 14 жоба қатысқан. Түрік көрермендері «Дос-Мұқасан», «Мұқағали» өмірбаяндық драмасын, «Ұлы дала таңы» және «Ақбоз үй» тарихи таспаларын, «Еуразия билеушілері» деректі фильмін, «Мұзбалақ» анимациясы мен Қазақстан мен Татарстан бірлесіп шығарған «Тарлан» картинасын тамашалады.

Фестиваль жұмысының қорытындысы бойынша қазақстандық кинематографистерге үш марапат бұйырды. Продюсер Қанат Төребай «Түркі мәдениетін дамытуға қосқан үлесі үшін» марапатына ие болды. Деректі фильмдер бай-

қауында режиссер Алексей Каменскийдің «Еуразия билеушілері» картинасы екінші орын алды. Марапатты фильм продюсері Айгүл Черендинова қабылдады. «Ақбоз үй» көркем фильмінде ойнаған актер К.Кемаловқа «Үздік актер» сыйлығы табысталды. Марапатты фильм режиссері Бекарыс Елубай қабылдады. Екі фильм де Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысы бойынша Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының қатысуымен түсірілген.

Нұр ЖАМАЛ.

КИНОКЕҢІСТІК

АРНАЙЫ ЖАСАҚ ТУРАЛЫ ФИЛЬМ ЖАРЫҚҚА ШЫҒАДЫ

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының арнайы жасақтары туралы «Бүркіт» толықметражды көркем фильмді қалай түсіріліп жатқаны Алматы қаласы Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында айтылды.



Досбол
АТАЖАН

Баспасөз конференциясына фильмнің түсірілуіне себепкер болған Ұлттық ұлан полковниктері де, екі айдан бері арнайы жасақ сарбаздарының өмірін өз бастарынан өткізіп жүрген танымал актерлер де қатысты.

Запастағы полковник, әскери кеңесші, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының өкілі Куаныш Қожахметов әскери бөлім туралы қысқаша айтып өтті.

«Арнайы жасақ туралы, оның жауынгерлерінің ерлігі мен жанқиярлық ерліктері туралы фильм түсіру идеясы туындады. Бұл идеяны генерал-полковник, Қорғаныс министрі Руслан Фатихұлы Жақсылықов ұсынды. Содан бері көптеген жұмыстар атқарылды. Біз нақты операциялардың мысалдарына сүйендік. Фильмде үш батырдың бастан кешкен оқиғалары көрсетіледі», – деді Қ.Қожахметов.

Фильмнің продюсері және әскери сахналарды қоюшысы Камал Жақсылықов фильмнің түсірілімін арнайы күштік құрылымдар ведомствосы қолдағанын атап өтті.



«Бүркіт» бөлімшесінің символы – қызыл күрең берет. Біз оған қалай қол жететінін айтқымыз келді. Фильмде арнайы жасақта қызмет ететін Қазақстандағы қарапайым азаматтардың өмірі көрсетіледі. Сонымен қатар, патриоттық бағыттағы фильм жасатарға үлгі болмақ. Фильм 2023 жылдың көктемінде жарыққа шығады деп күтілуде, нақты күні әлі белгісіз, өйткені пост-продакшн жақын арада басталады, бұл дегеніміз – дыбыстау, монтаждау, көп еңбекті талап ететін жұмыс болып отыр. Қазақстанда прокатқа шыққаннан кейін фильм ТМД елдері мен шетелдерде көрсетіледі», – деді Қ.Жақсылықов. Айта кеткен жөн, фильмнің продюсері бұған дейін Алматыдағы «Бүркіт» бөлімшесін басқарған.

ӨКҚ алаңына шақырылған театр және кино актері, фильмнің басты кейіпкері Дәурен Серғазин түсірілімге тек физикалық тұрғыда дайындалып қана қоймағанын,

арнайы жасақ сарбаздарының психологиясын зерттегенін, қарман бейнесіне қалай енгенін айтты.

«Бір айдың ішінде 10 жылдық тәжірибесі бар арнайы жасақшының рөліне ену оңай болған жоқ, киноның кереметі де осында, кинода басқа адамның өмірін сүре аласың», – деді актер. Фильмді түсірушілердің айтуынша, көрермендерді көптеген экшн-сценалар өзіне тарта түспек, фильмдегі ондай көріністер бойынша қоюшы-режиссер Данияр Ибрагимов еңбектенген.

Қорытындылай келе, тағы бір киноконсультант, майор Ринад Сағидолдинов олардың басты мақсаты – Ұлттық ұланның арнайы жасақ қызметінің призмасы арқылы Қазақстанның осындай барлық бөлімшелері туралы айту екенін атап өтті. Көрермендер кинотеатрдың арқасында арнайы жасақшылардың қайталанбас аурасын сезіне алады.